# Сыр бойы

90 жыл

№186 (19864)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

10 желтоқсан /**СЕЙСЕНБІ** / 2019 жыл


САПАР

## Байқоңырдағы қоныс тойы




**Байқоңырда 250 қазақстандық отбасы қоныс тойын тойлады. Оларға пәтер кілттерін облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов табыс етті.**

Назерке САНИЯЗОВА.

Жұлдызды қалашықта көпқабатты тұрғын үй соңғы отыз жылдан бері салынбаған. 50 пәтерлік 5 баспананың құрылысы «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында былтыр басталған еді. Жаңа қоныс осы жылдың қазан айында пайдалануға беріліп, қаланың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласына тапсырылды. Жалпы ауданы 15 мың 700 шаршы метрді құрайтын үйлердің инженерлік инфрақұрылымын жүргізуге 2,1 млрд теңге бөлінген. Пәтерлер қыста жылы болып, ыстық су ағып тұруы үшін табиғи газбен жұмыс істейтін автономды бу қазандығына қосылған.

Тұрғындардың қуанышына облыс басшысымен бірге облыс әкімінің орынбасары, Президенттің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Бақытжан Намаев және қала әкімшілігі басшысының міндетін атқарушы Виктор Лопаткин ортақтасты.

– Игі бастаманы келесі жылы да жалғастырып, көпқабатты тағы 5 тұрғын үй салуды жоспарлап отырмыз. Бүгін бірнеше жылдан бері кезегін күткен жерлестеріміз баспаналы болып, тұрмыс жағдайын жақсартып, қуанышқа бөленуде. Жұлдызды қаланы жаңа нысандармен толықтыру, жаңарту жөніндегі бастамамызға қолдау көрсетіп, алғашқы тұрғын үйлердің құрылысын жүргізген компаниялар мен жұмысшыларға тұрғындар атынан еңбектері үшін алғыс білдіреміз, – деді облыс әкімі.

Қазіргі күні қалада әр салада еңбек ететін 50 мыңға жуық қазақстандық тіршілік кешуде. Оның 1200-дейі пәтер кезегіне тіркелген. Ғарыш мекенінде тұрғындардың өмір сапасы мен деңгейін көтеруге, сондай-ақ Байқоңырдың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ауқымды шаралар атқарылып жатыр. Талай жылдан кейін зәулім үйлердің бой көтеруі – көп жұмыстың бір парасы ғана. Сонымен қатар, қайта жаңғыртуға жататын қаланың су құбыры және кәріздік жүйелері жалға беруден шығарылып, 7 жылдық мерзімге облыстың коммуналдық меншігіне өткізілді. Осы уақыт ішінде желілер жаңғыртылып, қайтадан жалға берілмек.

Былтыр қарашада Петропавлда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен XV Қазақстан-Ресей аймақаралық ынтымақтастығы форумының қорытындысы бойынша Қазақстан Үкіметіне ресейлік тараппен «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құру мәселесін пысықтау жүктелген еді. Тапсырма 2019-2022 жылдарға арналған облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарының бірінші тармағына енгізіліп отыр. Еркін экономикалық аймақ құру мерзімі 25 жыл болып бекітілді.



Суретті түсірген Б.ЕСЕЖАНОВ.

## Жөндеу жұмысы жіті бақылауда

**Өткен сенбі күні облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов «Ана мен бала» орталығында болып, жөндеу жұмыстарының барысын көрді.**

Айнұр БАТТАЛОВА.

Айта кету керек, аймақ басшысы бұған дейін қаладағы нысандарды аралау барасында орталықта жөндеу жұмысының баяу жүріп жатқанын көріп, нақты тапсырмалар беріп, өз бақылауында болатынын айтқан еді. Қазір жұмыс қарқынды жүргізілуде.

Қазір мұндағы жұмыстың 65 проценті бітіп тұр. Негізінен ғимараттың еденін, қабырғасын жөндеп, кафель жабыстырып жатырмыз. 51 адам жұмыс істеуде. Жоспар бойынша 21 желтоқсанда бітуі тиіс. Мерзімінде аяқталады деп отырмыз, – деді мердігер мекеме прорабы Ерсайын Мәмбетов.

Облыс әкімі жауапты басшылар мен мердігер мекеме өкілдеріне ана мен бала денсаулығы басты назарда екенін, бұл нәрестелер дүниеге келетін құтты мекен болғандықтан жанашырлықпен қарап, жұмысты сапалы жүргізу қажеттігін тағы бір пысықтап тапсырды.






МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## Дария демі ішінде



**Өткен сенбі күні облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов Жосалы кенті тұсындағы Сырдария өзенінің су деңгейін көріп, су тасқынының алдын алу жұмыстарымен танысты. Қазір «Шардара» су қоймасынан Сырдария өзені арқылы облыс аумағына 500 текше метр су түсуде. Бұл көрсеткіш өткен жылы 600 текше метр болған еді.**

Нақты кезеңде «Қызылорда» су торабынан төменгі ағысқа секундына 420, «Әйтек» су торабынан 305, «Қараөзек» арнасына 110, «Басықара» су торабынан 200, «Ақлақ» су торабынан 130 текше метр су босатылуда. Сонымен қатар, Арал және Қазалы аудандарында өзен бетінде толықтай мұз қатса, Қармақшы ауданының Жосалы кенті тұсында күр жүруде. Қызылорда қаласы мен қалған аудандарда өзен беті мұздан таза.

Облыс әкімі жауапты сала басшыларына дариядағы су деңгейін үнемі бақылауда ұстап, қауіпті аймақтарда кезекшілік болуын, сондай-ақ қажет болған жағдайда құрал-жабдықтар және арнайы техникамен қамтамасыз етілуін тапсырды.

Айта кетейік, 5 желтоқсан күні Қармақшы ауданы Жосалы кентінен 7 шақырым төмен Үсентай учаскесінде күрдің кептелісінен өзен суының деңгейі жоғарылаған болатын. Аумақтың қорғаныс бөгеті 1 метр биік. Сонымен қатар, Жосалы кентінің тұсында «Жалағаш-Жосалы» автожолына су жайылудың алдын алу үшін 300 метрдей аумақты топырақпен нығайту жұмыстары жүргізілген. Бүгінде елді мекендерді су басу қаупі жоқ. Мамандар су деңгейін төмендету бойынша жұмыстар жүргізуде.

**«СБ» ақпарат.**

### 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай өткізілетін салтанатты шаралар

**Қызылорда қаласы**

13 желтоқсан сағат 11:00. **«Тәуелсіздік теңдігім»** атты мерекелік театрландырылған қойылым және концерттік бағдарлама. *А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі.*

13 желтоқсан сағат 16:00. **«Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы»** атты тарихи-танымдық сабақ. *Облыстық тарихи-өлкетану музейі.*

13 желтоқсан сағат 17:00. **16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған мерекелік салтанатты шара.** *Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.*

**Арал ауданы**

12 желтоқсан сағат 15:00. 16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күніне орай **«Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік»** атты салтанатты жиын. *Арал аудандық мәдениет үйі.*

13 желтоқсан сағат 15:00. Тәуелсіздік күніне арналған **«Тәуелсіз елдің жалынды жастары»** атты мерекелік концерт. *Арал аудандық мәдениет үйі.*

**Қазалы ауданы**

11 желтоқсан сағат 11:00. **«Тұғыры биік Тәуелсіздік!»** атты салтанатты жиын. *Әйтеке би кенті, Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығы.*

**Қармақшы ауданы**

14 желтоқсан сағат 16:00. 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған **«Ел бақытын тербеткен – Тәуелсіздік»** атты мерекелік салтанатты жиын. *Жосалы кенті, Ш.Төлепова атындағы мәдениет үйі.*

**Жалағаш ауданы**

13 желтоқсан сағат 16:00. **«Тәуелсіздік – азаттығым, таң нұрым»** атты салтанатты жиын. *Жалағаш кенті, Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйі.*

**Сырдария ауданы**

13 желтоқсан сағат 16:00. **«Тәуелсіздігіміз мәңгілік»** атты мерекелік салтанатты шара. *Сырдария аудандық мәдениет үйі.*

**Шиелі ауданы**

12 желтоқсан сағат 17:00. **«Тәуелсіздік тәу етер қасиетім, киелім!»** атты мерекелік концерт. *Шиелі кенті, «Арман» мәдениет үйі.*

13 желтоқсан сағат 16:00. Тәуелсіздік күніне орай **«Тәуелсіз байтақ елім – Қазақстан!»** атты театрландырылған көрініс және салтанатты кеш. *Шиелі кенті, Б.Қабылұлы атындағы аудандық мәдениет үйі.*

**Жаңақорған ауданы**

13 желтоқсан сағат 11:00. **Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған мерекелік салтанатты шара.** *Жаңақорған ауданы, М.Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйі.*

## Газ бағасы өзгере ме?

**Соңғы күндері жұртшылық арасында «газ бағасы арзандайды екен» деген сөз айтыла бастады. Осыған байланысты оның анық-қанығын білгісі келіп, редакцияға сауал жолдаушыларда табылып жатыр. Негізінде бұл ақпараттың таралуна тікелей себепкер болған жайт – «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Қызылорда өндірістік филиалының тауарлық газды тасымалдау қызметі тарифінің төмендетіліп бекітілуі еді. Бұл жөнінде толығырақ мағлұмат алу үшін Табиғи монополияларды реттеу комитеті облыс бойынша департаментінің басшысы Гүлмира Өтегеноваға хабарласқан болатынбыз.**

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Оның айтуынша, тауарлық газдың көтерме бағасын ҚР Энергетика министрлігі бекітетін болса, тарифін бекіту ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетіне жүктелген. Ал жергілікті жердегі газды тасымалдау қызметінің тарифін реттеу осы комитеттің аймақтардағы департаменттерінің міндетіне кіреді.

Тауарлық газды тасымалдау қызметі тарифінің қолданыстағы мерзімінің аяқталуына байланысты «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы оны бекітуге Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне өтініммен шыққан болатын.

Осы өтінімді қарау үшін облыстық департамент табиғи монополия саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес, өтінімдерді қарау кезінде қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында осы жылдың 23 қазанында жария тыңдау өткізді.

Оған қатысушылар тарапынан айтылған ұсыныстар мен пікірлер ескеріле отырып, департамент 22 қарашада «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметіне тариф және тарифтік сметаны 2020-2025 жылдарға ұзақ мерзімді кезеңге бекітті. Департамент басшысы тауарлы газдың мың текше метрін тасымалдау қызметі 5941,35 теңге болып бекітілгенін жеткізді. Бұған дейінгі тасымалдау тарифінің құны 9081,51 теңге болып келген. Демек, бекітіліп отырған тариф бұған дейін қолданыста болған тарифпен салыстырғанда 34,6 процентке төмендетілген.



Бұлайша төмендетуге қандай негіздер алынды деген сұрағымызға Г.Өтегенова тарифтік сметаның баптары бойынша шығындардың қысқартылғанын айтты. Оның ішінде, салық, іссапар шығындары, тарапты ұйымдардың қызметтері бар. Сондай-ақ субъектінің теңгеріміне алынбаған негізгі құралдарды қалыпты жағдайда ұстау бойынша шығындары қабылданбаған. Сонымен қатар, 2020-2025 жылдары жаңадан қосылатын объектілер есебінен көрсетілетін қызмет көлемінің ұлғаюы есепке алынған.

Ал енді тасымалдау тарифінің төмендетілуінің газ бағасына әсері бола ма?

Бұл жөнінде қазір ешкім нақты жауап бере алмайды. Тариф және тарифтік сметаны бекіту жоғарыда айтып өткеніміздей, ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің құзыретіне кіреді. Қазіргі кезде комитет бұл бағытта жұмыс жүргізуде. Бар білетініміз, бекітілген тариф пен тарифтік смета 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Бүгінгі күні қарапайым тұтынушылар, яғни жеке тұлғалар газдың мың текше метрі үшін 20902,93 теңге төлеп отыр. Ал заңды тұлғалар 21 мың теңгеден аса төлейді. Осы тарифтер өзгере ме, әлде өзгеріссіз қала ма оны алдағы уақытта білетін боламыз.

# «Жомарт жүрек» сыйлығы табысталды

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жомарт жүрек» сыйлығы лауреаттарын марапаттау рәсімі өтті. Шараға облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов қатысып, жеңімпаздарды құттықтады.**

**Айдана ЖҰМАДИНОВА.**



Қайырымдылық, меценаттық идеяларын насихаттауға арналған бұл жоба дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Биыл аудандық, қалалық кезеңнен 40 үміткер таңдалып, оның ішінде 6 номинация иегері анықталды.

Жиында Наурызбай Байқадамов шараның мақсаты қоғамдағы әлеуметтік маңызды істерге белсенді азаматтарды тарту, туған өлкенің дамуына өз үлесін қосатын бастамашыл, іскер жандарды халық арасында дәріптеу екенін атап өтті.

Расында, лауреаттардың қай-қайсысы да көп ішінде батыл бастамасымен ерекшеленіп жүрген жандар. Айталық, ел дегенде елгезек, жұрт дегенде жанын салатын адамдардан құралған «Жылы жүрек жастар» қоғамдық қорының төрағасы Сағатбек Сиюов «Ерен еріктілік» номинациясымен, жұмыла көтерген жүктің жеңіл боларын дәлелдеп, қайтарым күтпестен басқаларға қайырымдылық жасап жүрген «Жаңарған Жаңақорған Жастары» еріктілер ұйымы «Жылдың үздік ұйымы» номинациясымен марапатталды. Ал, «Туған өлке» номинациясын «Мади қажы» ЖШС директоры Сейткамал Сұлтанов, «Жыл меценаты» номинациясын «Абай-Дәулет» ЖШС директоры Мұрат Сәрсенбаев, «Жыл тұлғасы» номинациясын «Еңбек-Жер» ЖШС директоры Шакизатхан Искаков иеленді. Сондай-ақ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының облыстағы «Зекет» қорының жетекшісі, «Ерназар Максұм» мешітінің имамы Оңталап Жидебаев «Сыр қамқоршысы» деп танылды.

# Билер сотын жаңғырту – елдің рухани жаңғыруының бастамасы

**Елдігіміздің беріктігін нығайту мақсатында биліктің бір тармағы ретінде бүгінгі соттар кешегі өткен билердің ісін жалғастырып, ел ішінде туындаған дауларды шешуде, оны мән-мағынасы бойынша ғана қарап қоймай, екі тараптың бітімге қол жеткізу жолдарын медиация институты арқылы ел арасында кеңінен насихаттауда. Ел болған соң дау-дамайсыз болмайтыны анық. Бірақ сол жанжалды ушықтармай дер кезінде шешуге қол жеткізу жолдарын дамыту, бүгінгі күнде қай жиынның болса да басты тақырыбына айналып отыр.**



Өйткені ұлтымызға жат жағдайлардың белең алуы, салт-дәстүріміздің ұмытылып, құндылықтарымыздың құнсыздануп, дүние игіліктері көбірек дәріптелетін қазіргі қоғамда дау-дамайлар жылдан-жылға еселеп артуда.

«Сотқа беремін» деген суық сөз бүгінде жиі айтылатын болды. Неге екені белгісіз, соттасуға құмар болып алдық. Ашуды ақылға жеңдіре алмай, болмашыға алтын уақытын сот табалдырығын тоздырумен өткізіп жүргендер қаншама?! Әсіресе, азаматтық даулар саны өскен. Тараптар арасындағы түйткілдің сот арқылы шешілуі орынды дегенімізбен, өзара түсінісіп, бір бітімге келуге болатын ұсақ-түйек даулардың сотқа дейін жетуі мақтанып айтатын көрсеткіш емес.

Елбасы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында, жыл сайын 4 миллион азаматымыз сотта қаралатын іске қатысатынын, бұған қаншама күш пен қаражат жұмсалатынын, уақыт пен ресурстардың орынсыз шығынын талап ететін артық сот рәсімдері қысқаруға тиістігін атап өтті.

Өздеріңіз білетіндей, елімізде қоғамдағы даукестіктің деңгейін төмендетіп және дауларды келісім арқылы тиімді шешу шараларын жолға қою бағытында түрлі шаралар жүргізіліп келеді. Арнайы медиация туралы Заң қабылданды. Азаматтық процестік кодексіне татуластыру рәсімдері туралы арнайы тарау енгізілді.

«Медиация заңы» қабылданып, медиатор ұғымы пайда болса да, оны әлі күнге ұлттық болмысқа сіңіре алмай келеміз. Сол себепті «Медиация Заңы» қазақ қоғамында басқаның балапанындай еркін қанат қағып кете алмай жүр.

Жоғарғы Сот бастамашы болған «Сот төрелігінің 7 түйіні» жобасының «Татуласу: Сотқа дейін және сотта» деп аталатын бағдары бойынша өткен жылғы бірінші жартыжылдық қорытындысына арналған кеңесте жергілікті жерлерде билер кеңесін құру ұсынылды. Осыған орай, бүгінде осы Билер кеңесін құру мақсатында әр өңірде жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Би – қазақтың ұғымында тек дәстүрлі құқықты қолданушы ғана емес, ақылгөй данышпан, көреген көсем, көңіл шырағы қиядағыны шалатын, ойы орамды, сөзі шалымды көреген де көріпкел дана. Салмақты сөздің сандығы, от ауызды, орақ тілді, ойы ұшқыр, өткір сөз зергері. Өлшеп пішіп, екшеп шешетін – әділдік таразысы. Бәрін де татуластыра алатын бітімгер. Айта берсе бидің бойына сыймайтын қасиет жоқ еді.

Ұлы билер Төле, Қазыбек, Әйтеке өмір сүрген кезең – тарихымыздың тәлімі көп, ел үшін үлгі болатын ерекше кезеңі. Олар жаугерsuccessful кесірінен ыдыраған халқының есін жиған, әділетті билік шешімдерінен айнымай, келешекке көз салып, үміт отын жағу арқылы көрегендік пен ұйымдастырушылық көрсете білген. Билердің оқығаны көп болмаса да, тоқығаны мол, парасатты, азаматтық тұғырлары биік қасиеттерін, рухани мол қазынасын жария ететін аңыздар мен шежірелер бүгінгі күнге де жеткен. Қазақ билерінің өзіне тән ерекшелігі мен басқа халықтарда кездеспейтін қасиеті – дау-жанжалдарды мағыналы, шешендік сөздермен шешуі.

Арнайы том-том болып жазылған кодекстерге, толып жатқан құқықтық-нормативтік актілерге сүйенбей-ақ, өз орнымен қисынды айтылған бір сөзбен дауды тоқтатуды қалыптастырған қазақ ұлты сөз мағынасына, оның шексіз мүмкіндігіне ертеден-ақ назар аударған. «Қап салмағы дәнінде, сөз салмағы мәнінде» деп білетін билер әділдікті шешендікпен ұштастырып, елдің қамын жеген.

Билеріміз сөз құдіретін тиімді пайдаланып, шешімдер шығарғанда мүдделі тұлғалардың ғана емес, оған қатысушы жұртқа да тәрбиелік мәні зор, көпшіліктің көкейінен шығатын аталы сөздерді айтып, олардың сана-сезімі мен мінез-құлқына сіңіруін, іс-әрекетінде қолдану жолдарын қарастырған.

Жазба әдебиеті болмаса да, халқымызға тән ұлы қасиеттердің бірі, ауыз әдебиетінің озық үлгілері ретінде, билер шешімі өзінің терең мазмұнымен талай жұртты таң қалдырып, араға талай ғасыр салып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Ел аузындағы «Төле би былай депті», «Қаз дауысты Қазыбек би айтыпты», «Әйтеке би айтқан екен» деген сөздер осыдан қалған.

Сондықтан да, қазіргі кезде қолға алынып жатқан Билер кеңесін құру бағытындағы бұл бастамадан біздің аймақ қалыс қалмайды деп сенемін.

Біздің облыстың әр ауданында, әр ауылында әр аймақтың құрмет тұтып, ақылына жүгінетін, сөзіне сеніп, ісіне риза болатын ардақтылары бар.

Міне, соларға «Би» мәртебесі берілсе, олар сөздің күшімен-ақ қандай-да болмасын дауды, мәселен, ажырасамыз деген жастарға ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, ата-бабаларымыздан қалған өсиет сөздерді жастардың санасына сіңіріп, бұзылған отаудың келешегі, ондағы баланың болашағы туралы ой салып, шаңырақты сақтап қалуларына жол сілтеп отырса, ешқандай дау арыға бармайды деп санаймын.

Өткеннің елдігімізге пайдалы жақтарын игілікке айналдырып, «Би», «Билер кеңесі» мәртебесін қайта қалпына келтіруге жасалып жатқан қазіргі нақты қадамдар – ұлттық жаңғырудың көрінісі.

Ендеше мен билер сотын жаңғырту елдің рухани жаңғыруының бастамасы деп білемін. Билер кеңесінің атқарар ісі ауқымды, оның халыққа тигізер пайдасы да аз болмайды деп сенемін.

**Зейнулла НҰРСЕЙТОВ,**
**Қызылорда облысының Билер кеңесінің төрағасы.**

МЕРЕЙ

# Ғасыр тойын тойлады



**«Мұрагер» мектебіне – 100 жыл. Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма-театрында білім ошағының мерейтойына орай салтанатты шара өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Н.Байқадамов, қала әкімінің орынбасары М.Қазбекова, сондай-ақ, ұстаздар қауымы мен оқушылар, мектеп түлектері қатысты.**

Шарада бірқатар ұстаздар республикалық, облыстық дәрежедегі жоғары марапат төрінен көрінсе, бірнеше ұстаз қала әкімінің атынан Нұр-Сұлтан қаласына демалыс жолдамасына ие болды.

«Мұрагер» мектебінде 4 мыңнан астам шәкірт білім алады. Оларға 450-ге жуық мұғалім дәріс береді. Үш тілде оқытатын мамандандырылған сыныптары да бар. Соңғы 10 жыл ішінде білім ошағы ҰБТ нәтижесімен елдегі «Ең үздік 100 мектептің» қатарына енді. Сондай-ақ, «XXI ғасырға лайық Ең үздік инновациялық мектеп», «Білім алтын қазынасы», «Үздік білім ордасы», «Білім бәйтерегі», «Рухани мұра мектебі» номинацияларын иеленген.

Салтанатты шарада мектеп ұжымы мен оқушылардың өнері тамашаланды. Ардагер ұстаздар ұлықталып, мектеп тарихынан сыр шертер көрме жасақталды.

**«СБ» ақпарат.**

**Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Талсуат» ардагерлер үйінде қарттар, мүмкіндігі шектеулі жандар және қыз-келіншектер арасында үстел теннисінен сайыс өтті.**

**Ғазиза ӘБІЛДА.**

# Мереке қарсаңындағы мерейлі сәт

Шараны облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев ашып, қатысушыларды ел тәуелсіздігі мерекесімен құттықтады. Сонымен қатар, қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру және аға ұрпақ өкілдері мен жастар арасындағы сабақтастықты нығайту бағытында ұйымдастырылып отырған шараның дәстүрлі түрде жалғасып келе жатқанын атап өтті.

Спорттық бәсекеге 30-дан астам адам қатысты. Үстел үстінде қаңбақтай ұшқан теннис шарын мүлт жібермей қағып, іле-шала жауап ұпай салып жатқан ойыншыларды мүмкіндігі шектеулі деп ешкім ойламайды. Тартысты сәтте тіпті шалт қимылдап, ширыға түскендері де байқалады. Екі сағатқа ұласқан сайыста ерекше қабілетімен көзге түскен ойыншыларға жанкүйерлердің қошеметі бөлек. Үздік ойын көрсетіп, жеңіске ұмтылған жандардың жүзінен үміт ұшқынын аңдадық. Бұл олардың өмір сынағына дес бермеген, келешекке деген ұмтылысы мен жігерінің көрінісі болса керек.

Ойын қорытындысымен, ардагерлер, жастар және қыз-келіншектер арасында топ жарған М.Тұрмаханова, Б.Клунов, М.Ағыбаев жүлделі орын иеленіп, арнайы дипломдармен марапатталды. Жалпы қатысушылардың барлығына ынталандыру сыйлықтары табысталды. Сайысқа облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының мамандары төрелік етті.

БРИФИНГ

# Жемқорлық үшін бірінші басшы жазаланады

**Бұл туралы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасарлары Ермек Тіленов пен Руслан Яғмұсов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте хабарлады. Спикерлер «Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнама актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға енгізілген өзгерістерді тарқатып айтты.**

**Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.**

– Заңның жаңа редакциясына сәйкес, бірінші басшы оның тікелей бағыныштты қызметкеріне қатысты соттың айыптау үкімі күшіне енгеннен соң күнтізбелік 10 күн ішінде немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылғаннан кейін отставкаға кетуге міндетті. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңға сәйкес, лауазымды тұлғаға орнын босату туралы өтініш жіберіледі, – деді Е.Тіленов.

Айта кету керек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биыл бұл мәселенің өзектілігін ерекше атап өтіп, жемқорлықты жою бағытында бірқатар тапсырма берді. Соның ішінде бірінші басшылардың отставкаға кету институтын енгізу маңыздылығы да болды.




ЕДЕЛ-ЖЕДЕЛ

## Елді мекендерге – ауыз су

**АРАЛ.**

**Бөген ауылдық округіне қарасты Карашалаң елді мекеніне ауыз су құбыры тартылуда.**

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев ауыл тұрғындарымен кездесіп, мердігер компания өкілдеріне құрылыстың сапалы жүргізілуін тапсырды. Қазіргі таңда Бөген мен Қарашалаң елді мекені аралығындағы 13 шақырым болатын жолдың 4 шақырымнан аса бөлігі қазылып, су құбырлары орнатылуда. Екі елді мекен арасындағы құбыр тарту жұмыстары аяқталған соң, көктемде ауылішілік су жүйесі жүргізіліп, тұрғын үйлерге таза ауыз су кіргізіледі деп жоспарлануда.

Айта кету керек, өткен аптада Жалғызағым елді мекеніндегі 30 тұрғын үйге таза ауыз су кіргізілген болатын. Аудан әкімі ауыз су кіргізілген үйлерде болып, тұрғындардың қуанышымен бөлісті.

## Дәстүрлі фестиваль

**ҚАЗАЛЫ.**

**«Ән әлемі шақырады» атты облыстық дәстүрлі ретро фестиваль биыл он бірінші мәрте ұйымдастырылды. Шараға облыстың барлық аудандарынан келген вокалды-аспапты ансамбльдер қатысты.**

Фестивальдің ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Жарылқап өнерпаздарға сәттілік тіледі.

Қазалы ауданынан «Ритм», «Мелодия», «Қазалы», Жаңақорған ауданынан «Jom-Art», Сырдария ауданынан «Ритм», Қармақшы ауданынан «Ақай», Жалағаш ауданынан «Алтын-Арай» және Арал ауданынан «Арал» вокалды-аспапты ансамблі 70-90 жылдардағы әндерді орындап, көпшілік ықыласына бөленді.

## Жаңа сауда орталығы

**ҚАРМАҚШЫ.**

**Тәуелсіздік күні қарсаңында Төретам кентінде «Әли» сауда орталығы бой көтерді.**

Сауда үйінің иесі Бану Имамзадаева кәсіпкерлікпен 2013 жылдан бері айналысады. Ол сауда орталығын кеңейту үшін биыл мемлекет тарапынан жеңілдетілген несие алған. Қос қабатты сауда орталығының I қабатында күнделікті тағамдармен қоса, тұрмыстық тауарлар мен жеміс-жидектер қатары орналасқан. Ал II қабатында спорттық киімдер, балалар ойыншықтары және «Балалар әлемі» ойын-сауық бөлмелері бар.

## Баспаналы болды

**ЖАЛАҒАШ.**

**«Nur Otan» партиясы аудандық филиалының Қаракеткен ауылдық округі бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен партиялық жобалар аясында ауыл тұрғыны Айнұр Науанова баспаналы болды.**

«Nur Otan» партиясы аудандық филиалы «Бақытты отбасы», «Халыққа көмек», «Кедергісіз келешек» партиялық жоба аясында тұрмысы төмен отбасыларға әрдайым көмек көрсетіп келеді. Шарада партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қаншагүл Мұстафаева мен «Иманқұл» мешітінің бас имамы Айбек Мәдиев игі іске бастамашы болған азаматтарға алғыс білдірді.

## Жазба ақындар мүшәйрасы өтті

**СЫРДАРИЯ.**

**Ақжарма ауылдық округі әкімдігінің қолдауымен айтыскер ақын, Сырдария ауданының «Құрметті азаматы» Заметдин Ибадуллаевтың 80 жылдығына арналған «Тұрам ба өтірікке сал дегенде» атты аудандық жазба ақындар мүшәйрасы өтті.**

Байқауға әр ауылдан 9 талапкер қатысып, бағын сынады. Ақындар бірінші кезең бойынша өтірік өлеңдерін, екінші кезеңде еркін тақырыптағы өлеңдерін оқыды.

Қазылар алқасының шешімімен байқаудың бас жүлдесін ақжармалық Нұргүл Махан жеңіп алды. Жүлделі I орынды Рахматулла Мұстафаев /Шіркейлі ауылы/, II орынды Гүлбану Сембиева /Н.Ілиясов ауылы/, келесі жүлделі орындарды Бақтөре Айтбаев /С.Сейфуллин ауылы/ және Қанат Көзейбай /Жетікөл ауылы/ иеленді.

## Шиеліге шие бағы көрік қосады

**ШИЕЛІ.**

**Аудан орталығындағы бірқатар мекеме қызметкерлері күзгі ағаш отырғызу науқанын жүргізуде.**

– Біз Шиелінің шырайлана түсуіне ықыласты ынталы топтың ұсынысын ескере отырып, аудан орталығы мен ауылдарда шие ағашын көптеп егуді қолға алдық. Үлгілі шараға атсалысуға келген жұртшылыққа, ардагерлерге ризашылық білдіреміз, – деді аудан әкімі Әшім Оразбекұлы.

Шара барысында ақсақалдар бата берсе, мекеме қызметкерлері көшет егу ісіне араласты.

– Шиеліні шиенің отаны десек, жаңылыспаймыз. Аудан әкімдігінің бастамасы құптарлық. Бүгінгі күннің өзінде «Арман» мәдениет үйі мен «Самғау» мейрамханасы, мекемелер ғимаратының маңына мың түп шие көшеті отырғызылуда. Бұл ағаштар аудан орталығын жасыл желекке бөлейді. Игі іске үлкендер де, балалар да атсалысуда, – дейді кенттің ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбдішүкір Батырбаев.

## JOO.KZ

**ЖАҢАҚОРҒАН.**

**Аудандық білім бөлімі мен «NOVA EDUCATION» білім беру орталығы бірлесіп №110 мектеп-лицейде бітіруші түлектермен кездесті.**

Шарада JOO.KZ жобасының жетекшісі Қанат Өксікбаев талапкерлерге логикалық сұрақтар арқылы ойлау жүйесін дамытып, есте сақтау қабілетін күшейту әдіс-тәсілдерін көрсетті. Сондай-ақ, «5 секунд» тәсілі мен «Шлагбаум» эффектісінің ми жұмысына әсерін бағалап, жүзеге асыруға ниеттенген істі жылдам жасау шарттарына көз жеткізді.

ҰБТ-ға дайындық барысында жастардың тек қана кітап бетінен бас алмауы есте сақтау қабілетін нашарлатып, оқуға деген құштарлықты азайтады. Сондықтан табиғатта болып жатқан құбылыстардың да әсеріне назар аудару қажеттігін айтты.

«NOVA EDUCATION» білім беру орталығының маманы Дәурен Ыхтиарұлының айтуынша, ҰБТ-ға дайындық барысында қолданатын тиімді тәсілдерді айқындаған жастарымыз өз мамандығын таңдауда қиындықтарға кезікпейді.

**Дайындаған**
**Шынар БЕКБАН.**
**«Сыр бойы».**

«ҮЗДІК СПОРТТЫҚ ӨҢІР»



**Жуырда ғана Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақстан» орталық концерт залында «Altyn samǵaý-2019» Ұлттық спорттық жүлдесінің жеңімпаздары марапатталды. Ұлттық Олимпиадалық комитеттің ұйымдастыруымен өткен шарада облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы «Үздік спорттық өңір» номинациясын жеңіп алды. Сондай-ақ, мәнерлеп сырғанаушы жерлесіміз Элизабет Тұрсынбаева қысқы спорт түрлері бойынша «Үздік спортшы» атанды. Жыл бойына Сыр спортының даңқын асқақтатқан жеңісті күндер көп болды. Оның үстіне, биылғы басты жеңіс – «Қайсардың» жиырма жыл бұрынғы ерлігі қайталанды. Сүйінші жаңалықтың ізін ала бере облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Олжас Акимовпен сұхбаттасқан едік.**

**Олжас АКИМОВ,
облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы:**

# «Бұл жетістік бізге оңай келген жоқ»

**– Республика бойынша үздіктер көшін бастадық. Рас, спортта ауыз толтырып айтар жетістіктеріміз жетерлік. Бұл марапаттың жауапкершілігі қандай болмақ?!**

– Қоғамның қайсыбір саласында болмасын, даму бар. Спорттағы алға жылжудың куәсі – өздеріңіз. Жетістіктеріміз өткен жылмен салыстырғанда едәуір артқан. Жыл басынан бері Қазақстан, Әлем, Азия чемпионаттары мен облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарда спортшыларымыз 6492 медальді облыс қоржынына салды. Бұл анағұрлым көп. Мәселен, 2017 жылы 3817 медальға қол жеткізсек, былтыр 5418 медаль еншімізге тиді. Мұның өзі – ерекше айтып өтерлік нәтиже. Жоғарыда сіз атап өткен жетістік осындай жеңістеріміз үшін берілді.

Жапонияның Сайтама қаласында мәнерлеп сырғанаудан өткен чемпионат біраз уақытқа дейін ел арасында айтылып жүрді. Сол жарыста жерлесіміз Элизабет Тұрсынбаева Әлем чемпионатының күміс жүлдесін иеленді әрі төрт айналым элемент секірген әйелдер арасында тұңғыш рет тарихқа енді. Қаршадай ғана қазақ қызы әлем дәрежесінде Алаштың абыройын асқақтатты. Біз неге үздік атанбаймыз?

АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасында өткен Әлем чемпионатында Сәпи Есенгелді мен Бекболат Рахат жеңімпаз атанды. Бұл да дүние жүзінің алдындағы абыройымызды асқақтата түсті. Біздің үздік болуға лайық екенімізді айшықтайтын тағы бір себеп – осы.

Нұр-Сұлтан қаласында еркін күрестен өткен Әлем чемпионатында Дәулет Ниязбеков күміс жүлдені иеленіп, 2020 жылы Токиода болатын Олимпиада ойындарына жолдама алды. Ал мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында жеңіл атлетикадан Ислам Салимов Паралимпиада ойындарына жолдама алды. Ресейдің Екатеринбург қаласында бокстан өткен Әлем чемпионатында Қамшыбек Қоңқабаев күміс, Тұрсынбай Құлахмет қола жүлдеге ие болды. Жақында ғана Алматы қаласында қазақ күресінен өткен «Әлем барысы» әлем чемпионатында Мақсат Исағабылов қола жүлдені иеленді. Сыр халқы үшін бұл аты қола болғанмен, заты алтынмен пара-пар жүлде болды. Өйткені, отыз мемлекет оғландарының арасынан жарып шығып, алғашқы үштікте болуға көп мемлекеттің мүмкіндігі де болмады. Біздің спортшыларымыз жарады. Мерейіміз үстем болып тұр. Осындай жетістіктеріміз үшін «Үздік спорттық өңір» атандық. Жауапкершілік жүгі жеңіл емес. Үздік атанған екенбіз, соған лайық еңбек етуіміз керек. Енді бұрынғыдан бетер тер төгеміз. Мақсат – айқын, жоспар – нық. Облыс халқының қолдауымен бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып әлі талай асудан асамыз.

**– Жыл аяғына жақындадық. Әр жылды түйіндерде кейінге көз тастап, биыл не бітірдік деп жатамыз ғой. Халық арасында биылғы жылдың басты жеңісін «Қайсармен» байланыстыратындар көп. Сіздіңше, басты жеңісіміз қайсы?**

– «Халық айтса, қалт айтпайды» деген бар. Елден асып қайда барамыз? Еткен еңбегіміз, атқарған жұмысымыз жұртшылықтың көз алдында. Нәтижеміз де солай болмақ. Биылғы жылдың басты жаңалығы – «Қайсар» футбол командасының Қазақстан кубогы ойындарында жеңімпаз атануы. Команда араға 20 жыл салып, екінші мәрте финалға шықты. Алдағы мақсат – келесі жылы Европа лигасында лайықты өнер көрсету. Осы үдеден шығу үшін аянып қалмаймыз.

**– Еуролига демекші, қазіргі дайындық қалай? Мүмкіндігіміз қаншалықты?**

– Жыл өткен сайын нәтиже жақсарып келеді. Бұл жолдама біздің биылғы басты табысымыз. Енді алдағы чемпионатта жүлдеге қол созсақ деген мақсатымыз бар. Сол үшін тыңғылықты әрі тынымсыз тіршілік етудеміз. Бастысы, қорғаныста сауатты, шабуылда ширақ қимылдасақ, техникалық жағынан түсіністік, бір-біріне деген сенім жоғары болу керек. Оның үстіне «Қайсардың» жанашыр жанкүйерлері жетерлік, олардың қолдауы командаға жігер сыйлайды. Әрине, қаламызға Европа лигасы алғаш рет келген соң «Қайсар» жанкүйерлерін жеңіспен қуантады деп ойлаймын. Оның үстіне командамыз Еуролигада Қазақстанның намысын қорғайды. Сондықтан футболшыларға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Биыл команда ішінде бәсекелестікті арттырамыз. Бұл футболдың өрістеп дамуына септігін тигізеді.

**– Біздің өңір күрестен алда келеді, бокстан да қалыс қалғанымыз жоқ, сырғанаудан да талай асудан астық. Енді қандай спортты дамытуымыз керек?**

– Облыста жоғары білікті спортшылар және спорт резервін әзірлеу бағытында Олимпиада резервін даярлау орталығы, спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат-колледжі, облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі және балалар мен жасөспірімдерге арналған 21 спорт мектебі жұмыс істеп тұр. Бүгінгі жас спорттың қай түрімен шұғылданамын десе де, мүмкіндік жеткілікті. Тек табандылық керек. Бұл мектептерде 21 мыңға жуық оқушы спорттың 41 түрі бойынша жаттығып жүр. Түптеп келгенде, біз спорттың барлық түрін дамытуға жағдай жасаудамыз. Қызылордада кенже қалған спорт түрі жоқ деп айта аламын.

**– Олжас Азатұлы, Сырдағы спорт саласына басшы боп келгенде алдыңызға қандай мақсат қойып едіңіз? Қазір сол мақсатқа жете алдыңыз ба?**

– Әр адамның алдына қойған мақсаты болады. Мақсатсыз ешқандай да жетістік болмайтыны анық. Оған жету үшін аянбай еңбек ету керек. Еңбек өз нәтижесін береді. Менің ең бірінші мақсатым – облыстың спортын дамыту, әлеуетін арттыру болды. Алға қойған жоспарлар спорт саласындағы әріптестерімнің бірлесуімен кезең-кезеңімен атқарылып жатыр.

**– Мәселен... Нені атап өтер едіңіз?**

– Ерекшелеп атап өтетін нәрсе көп. Халықтың спорттық нысандарға қолжетімділігін арттыру мақсатында, соңғы екі жылда аймақта 16 спорт ғимараты іске қосылды, оның 7-еуі облыстық бюджеттен, 9 спорт кешені мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында пайдалануға берілсе, 18 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадионға қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді, 5 дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысының жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Сондай-ақ, «Мұз айдыны» спорт кешенінің жанынан ашық жүзу бассейні ашылды. Жалаңтөс баһадүр атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі күрделі жөндеуден өтті. Жоғары спорт шеберлігі мектебі, «Евразия» спорт кешені, №1, 2 және №5, аудандағы №8, 13 және №19 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектептеріне, «Евразия» спорт кешенінің бассейніне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мұндай жұмыстар Қармақшы ауданы, Жосалы кентіндегі орталық стадион, Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі орталық стадион жөндеуден өтті. «Нұрсәт» теннис орталығының 4 жабық теннис кортының құрылыс жұмыстары жүргізілуде, 2020 жылы пайдалануға беріледі. 2018 жылы спорт мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында қала, аудан мектептеріне 8 автокөлік берілсе, биыл 2 автокөлікпен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, былтыр Қызылорда қаласында ұлттық және ат спорты түрлері бойынша спорт клубы, биыл мүгедектерге арналған спорт клубы құрылды. Жалаңтөс баһадүр атындағы облыстық мектеп-интернат олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі аталымына ие болды. Мұның бәрі өңірдегі спорт саласының дамуына әкеледі.

**– Жоғарыда сіз атап өткен жұмыстың барлығы аймақ спортшыларына жасалған жағдай десек те болғандай...**

– Біздің спортшылардың жеңісі – салауатты өмір салтының шынайы насихаты. Спортшылардың жеңісімен рухтанған балалар мен жасөспірімдердің спортпен айналысуға ықыласы арта түсетіні анық. Спортшының әрбір жеңісі құрметке ие. Әрине, оларға қандай марапат көрсетсек те жарасады. Өйткені, олардың әрбір жеңісі еліміздің ұлылығын дәріптеуге арналады. Ұлы даланың ұлан-ғайыр атырабында еркін өскен дана халықтың бүгінгі ұрпағының да осал емес екенінің көрінісі бұл. Тағы бір айта кетерлігі, облыста 67 спортшы әртүрлі деңгейде стипендия алады.

**– Олжас Азатұлы, тағы бір сұрақ. Бұқаралық спортты дамытуға байланысты қандай жұмыс атқарып келесіздер? Алдымызға меже қойдық, соған жете алдық па?**

– Бұл мәселе күн тәртібінен түскен жоқ. Бүгінгі көрсеткіш бойынша облыста дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданушылар қатары 29 процентке жетті. Бұл – 232 мыңға жуық адам. Осы мақсатта 138 елді мекенде 282 спорт нұсқаушысы жұмыс істейді. Республикада дәл мұндай мүмкіндік жасап отырған бірден-бір аймақпыз. Сондықтан бұл тақырыпта еңсемізді түсірген жоқпыз. Бүгінде 7 аудан орталығында және Қызылорда қаласында 8 дене шынықтыру-сауықтыру клубында 12 мыңға жуық адам спортпен тұрақты шұғылданады. Мұндағы негізгі мақсат – жарыстарды көптеп өткізіп, халықты спортқа тарту. Жыл бойында қаншама шара өтіп келеді. Есептеп қарасақ, оларға 392 мың адам қатысыпты. Әртүрлі жас ерекшеліктеріне сәйкес акциялар, жарыстар, эстафеталар жолға қойылған. Веломарафонның өзі қаншама рет өткізіп жатыр. Нәтижесінде біз бұқаралық спортпен шұғылданушылар қатарын арттырып, спорттың денсаулық кепілі екенін көрсетеміз. Біз бұл межемен тоқтап қалмаймыз, әрі қарай да дамыту бағытында аянбай тер төгеміз. Сәл жетістікке жетсек, бізбен бірге қуанып, еңбегімізді елге көрсетуде еңбектеніп, саланы насихаттап жүрген сіздерге алғыс білдіремін.

**– Жетістік көп болғай. Рақмет.**

Әңгімелескен
**Дәулет ҚЫРДАН.**
**«Сыр бойы».**

ТОПЖАРҒАН

# Қамшыбектің қайраты



**Тырс-тырс... Маңдайдан аққан тер жерге тамғанда даусы құдды бір жүректің дүрсілімен қатар шыққандай болды. Санаулы секундтардан соң берілген уақыт та тәмам болар. Бірақ жеңіске деген құлшыныс пен жігер оның бойындағы алапат күшті оятқандай еді. Қарсыластың жойқын соққылары тура бағытталса да, бірде-бірін қабылдамады. Керісінше, оның жуан жұдырығы әр тиген сайын қарсыласты есеңгіретіп барады. Бұл 2014 жыл еді... Алматыда өткен Қарулы күштер арасындағы Әлем чемпионатында Қамшыбек Қоңқабаев топ жарды.**

**Дәулет ҚЫРДАН.**

Таяуда тұтас Сырға сүйіншілеген жаңалық жетті. «Дарын» мемлекеттік сыйлығын Сыр елінен үш бірдей жас еншіледі. Мейірбек Сұлтанхан, Элизабет Тұрсынбаева және Қамшыбек Қоңқабаев. Үшеуінің де сол сыйлыққа лайық екенін әрбір Алаш баласы біледі. Сұлу сөзден маржан тізген Мейірбек те, айдында көгершіндей қалықтап, мұз үстінде емін-еркін өнер көрсетіп, рекорд жаңартқан Элизабет те, былғары қолғаппен талайды тәубесіне түсірген Қамшыбек те – сұлу Сырдың төл перзенттері.

– Жасаған еңбегіміз бен жеткен жетістіктерімізді бағалап, осындай сыйлықты табыстап жатқан еліме алғыс білдіремін. Көңіл-күйімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Болашақта әлі де болса әлемдік ареналарда байтақ Қазақстанның, Сыр-Анамның атын танытуда тер төгетінімді айтқым келеді. Елімнің, жерімнің даңқын асқақтатуда бар күш-жігерімді, қажыр-қайратымды жұмсаймын, – деді Қамшыбек бізбен әңгімесінде.

Ол 15 жасынан бастап бокспен шұғылданды. Өзі құралпылас балалардан өзгеше қалыптасып, Отанын сүйетінін әркез ісімен дәлелдей бастады. Ел чемпионаттары мен халықаралық турнирлердің бірнеше дүркін жеңімпазы болды. ҚР IV жазғы спартакиадасында топ жарды. 2015 жылы Оңтүстік Кореяда өткен Қарулы күштер арасында бүкіләлемдік спорт ойындарында күміс жүлдегер атанды. 2017, 2019 жылдары Азия және Әлем чемпионаттарының күміс жүлдесін иеленді.

«Палуанға оң-солы бірдей» деген бар. Шаршы алаңда шарқ ұрған талайды көрдік. Бірақ өзінің байсалдылығымен ерекшеленген Қамшыбектің қарқыны елді қуантып жүр. Қазақтың қара домалағы әлемді бағындырып жатса, құйқаң шымырлап, тебіреніп кетеді екенсің. Иә, ол күн астында қыраны қалықтаған ел байрағын көк аспанда желбіретіп жүрген жігерлі жас. Арманын да Алаштың асқақтығымен астастырған оның әр қадамына сәттілік тілейміз.

# Көркем гимнастика көкжиегі

**Көпшілігіміз спортты қара күш деп қабылдайтынымыз жасырын емес. Алайда сұлулықты, әдемілікті паш ететін спорт түрі де бар. Ол – көркем гимнастика. Расында да спорттағы сұлулық дегенде елімізге алдымен көркем гимнастика түседі. Әдемі қимыл, ерекше киім үлгісі, ырғақты қозғалыс осының бәрі спорттың осы бір түрінен табылады.**

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

Жалпы гимнастика деген атау гректің «жаттығу», «жалаңаш» деген сөзінен шыққан. Өйткені ежелгі Грекияда гимнастикамен айналысатын адам мейлінше жеңіл киінетін болған. Бастапқыда жаттығудың негізі әскерлерді атты тақымдауға үйретуден басталған. Сонымен бірге соғысқа қажетті өзге де әдіс-тәсілдерді үйретуден тұрған. Уақыт өте гимнастика Грекияның білім беру жүйесіне енген. Бірте-бірте ережелер нақтыланып, спорттың сұлу түріне деген сұраныс артты.

Көркем гимнастика – музыка сазымен арнаулы затпен, атап айтқанда, лента, доп, шеңбер, тағы басқа немесе затсыз гимнастикалық жаттығулар комбинациялары орындалатын қыздар арасындағы жарыс. Ол шұғылданушылардың дене сұлулығын қалыптастырып, эстетикалық тәрбие береді. Онда толқынды, серіппелі қозғалыс, би өнеріне тән жүріс, жүгіріс, секіру басым келеді. Бір қызығы, спорттың бұл түрі ресми түрде кештеу мойындалып, тұңғыш мектеп тек 1913 жылы Ленинградтағы П.Ф.Лесгафт атындағы дене шынықтыру институтында ашылған. Мұнда негізінен би гимнастикасы мен би түрлері үйретілген. Ал 1963 жылы халықаралық гимнастика федерациясы жанынан спорттық гимнастика комиссиясы құрылып, 1998 жылы спорттың аталған түрі «көркем гимнастика» деп өзгертілген. Олимпиада бағдарламасына ол 1984 жылы ғана енген.

Мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда 1947 жылы Алматы дене тәрбиесі интернатында көркем гимнастика секциясы ашылған. 1949 жылы гимнасшы-қыздар арасында тұңғыш республикалық жарыс өткен. Еліміздегі көркем гимнастика спортын ұйымдастырып, дамытуда Л.Каспарова, Э.Волкова, К.Морозова сынды спортшылар мен жаттықтырушылар көп еңбек сіңірсе, А.Батырбекова, С.Рахметова, С.Барлыбаева сияқты қазақ қыздары 1960-1970 жылдары республиканың бірнеше дүркін чемпионы атанып, халықаралық жарыстарға қатысқан. Ал 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары павлодарлық Ә.Мұстафина, алматылық З.Жақыпова, шымкенттік Ә.Юсуповалар бірнеше дүркін Азия чемпионы, халықаралық турнирлердің жеңімпазы болды.

Спорттың бұл түрі республика көлемінде Шымкент, Алматы, Павлодар, Астана, Өскемен, Қарағанды, Петропавл және Көкшетау қалаларында жақсы дамыған. Ал Сыр өңірінде тұңғыш рет 2011 жылы көркем гимнастикадан бөлім ашылған болатын. Қазір оған 100-ге жуық қыз қатысады. Оларды облыстың аға жаттықтырушысы Гүлмира Әбсұлтан тәрбиелейді. «Мұз айдыны» спорт кешенінде арнайы жасақталған жаттығу залында жас гимнасшылар күнделікті жаттығады.

– Жаттығу залы керекті құрал-жабдықтармен жасақталған. Зал төбесінің сәл аласалығы топтық жаттығу кезінде кедергі келтіретіні болмаса, құрал-саймандарымыз түгел. Бұл жерде менен басқа Сыр елінің тұңғыш спорт шебері атағына ие болған Диана Қанатбек пен спорт шеберіне үміткер Толқын Әбдиева жас жеткіншектерге дәріс беруде. Диана жаттықтырушы ретінде, Толқын хореограф ретінде қыздарымызды баулып жүр, – дейді аға жаттықтырушы.

Оның айтуынша, секция ашылғалы бері жас гимнасшылар түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Мәселен, былтыр Астана қаласында эстетикалық топтық гимнастикадан өткен ҚР чемпионатында Сыр гимнасшылары екі жас ерекшелігі бойынша, яғни, 10-12 жас аралығында күміс жүлде иегері атанса, 8-10 жас аралығында қоланы иеленді. Ал биылғы наурыз айында Алматы қаласында эстетикалық топтық гимнастикадан өткен ашық чемпионатта 1-орынға ие болды. Сондай-ақ, сәуір айында Сингапурда топтық эстетикалық гимнастикадан төрт құрлық жарысы және Сингапур кубогы өтіп, онда гимнасшыларымыз қола жүлдені жеңіп қайтқан. Сонымен бірге, қалада көркем гимнастикадан «Сыр жұлдыздары» облыстық ашық чемпионаты, Тәуелсіздік мерекесіне орай жарыстар дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады.

– Жарысқа жиі қатысқан жақсы. Себебі әр жарысқа қатысқан сайын гимнасшыларымыз шыңдала түседі, тәжірибе жинақтайды. 100-ге жуық қыз болғанымен, солардың ішінде 30-ға жуығы жарыстарға қатысуда. Дана Садықова, Ақбота Өтеген, Әсел Марат, Динара Ерғалиева, Раушан Аспандиярова сынды гимнасшыларымыз түрлі додаларда өздерін көрсетіп жүр. Болашақта Сыр елінің жас гимнасшыларын осылар дайындайды деген үміттемін, – дейді Гүлмира Әбсұлтан.

Иә, спорттың қай түрінде болмасын жеңімпаз атану оңай емес. Спортшыны тынымсыз жаттығу, талмай ізденіс, нақты мақсат, бойындағы намыс ғана жеңіске жетелейтіні сөзсіз. Көркем гимнастикада да солай. Жаттығумен қатар қыздар әдемілігін де сақтауы шарт. Бұл орайда таусылмайтын талап пен ережені қатаң ұстану тіпті қиын. Бірақ, спортты сүйген адам үшін ол кедергі емес. Ендеше, жас гимнасшыларымыздың алдағы уақытта да алар асуы, бағындырар биігі көп деп сенеміз.



# Жаңа жыл үлкен шығынды білдіреді ме?

**Жыл ішіндегі ең көп ақша жұмсалынатын кезеңге аз уақыт қалды. Көптен күткен жаңа жыл қазақстандықтарға мерекелі көңіл-күй ғана емес, сондай-ақ үлкен шығындар әкеледі. Қалтаны да жұқартпай, мерекені де ұмытылмастай етіп қалай ұйымдастыруға болады? Біз сіздерге бірнеше кеңестер әзірледік.**

Желтоқсанның 20-лары тауар өндірушілер бағаларын көтеретінін біле тұра көп адамдар мерекеге даярлықты аталған кезеңде бастайды. Біз мерекеге жоспарды және бюджетті алдын ала құруға кеңес береміз. Бұл жағдайда Сізде бағаларды салыстыруға және тиімдірек ұсыныстарды таңдауға уақыт болады. Смета-жоспарға мынадай тармақтар кіруі қажет:

**Орын.** Жаңа жылды қайта өткізгіңіз келетінін анықтаңыз: үйде, мейрамханада немесе шет елде ме? Егер көңіліңізді көтеретін жерді таңдасаңыз, онда үстелге ең кемі 20 күн қалғанда тапсырыс беріңіз. Әсіресе, егер Сіз басқа жаққа баруды ұйғарсаңыз, билеттерді неғұрлым ерте сатып алсаңыз, соғұрлым арзанға шығады.

**Сыйлықтар.** Сыйлық бергіңіз келетін адамдардың нақты тізімін құрыңыз және әрқайсысына нақты сыйлықты жазыңыз. Тізімнен тыс ешқайда шықпаңыз! Сыйлықтарды сатып алмас бұрын әртүрлі сатушылардың бағаларын салыстырыңыз. Интернет дүкендерге назарыңызды аударуға кеңес береміз, әдетте бұл жерде сауда орталықтарына қарағанда арзанырақ. Жаңажылдық кәдесыйларды өз қолыңызбен жасайтын болсаңыз үнемдейсіз, оның үстіне хэндмейд қазір сәнге айналуда. Қолөнерге үйір емессіз бе? Олай болса сыйлықтарды өз бетіңізше қаптасаңыз болады.

**Киім, макияж, шаш үлгісі.** Корпоративке дайындалған кезіңізде мерекелік сырт келбетіңізге қанша ақша жұмсауға дайынсыз? Бұл жерде қалай үнемдеуге болатынын ойланыңыз: киім сөресін қарап шығыңыз, бәлкім, жұмыстастарыңыз көрмеген сәнді көйлек табылар? Әдетте көйлекті көзге көрінерлік аксессуардың көмегімен сәндеуге болады. Интернеттен макияждың үлгілерін көріп, өзіңізге әсем бейне жасаңыз. Балалардың ертеңгіліктері туралы ұмытпаңыз! Балаңызға жаңажылдық костюмді қолда бар материалдардан жасауға болады. Ең бастысы, берілген тапсырмаға шығармашылық тұрғысынан қараңыз, сол кезде тек үнемдеп қана қоймай, сонымен қатар уақытты көңілді өткізуге болады. Костюмдар мен сәнді киімдерді жалға да алуға болады.

**Шырша және үйді безендіру.** Жаңажылдық декорацияларыңызды бір тексеріп алыңыз. Мерекелік жабдықтың үлгісін мұқият ойластырыңыз – бұл артық нәрселерді сатып алудан құтқарады. Балаларды жаңажылдық түрлі-түсті шамдарды жасауға жұмылдыруға болады. Шығармашылықпен бірлесіп айналысу барысында отбасыңыздың татулығын нығайтып, бюджетті сақтайсыз.

**Ойын-сауық және көлік шығындары.** Демалыс уақытында ойын-сауыққа және сапарларға кететін шығындарды ескеріңіз. Киноға бару немесе конькимен сырғанау? Мерекелік маршруттарды алдын ала ойластырыңыз және ақшаны ертерек бөліп қойыңыз. Тізімге тегін ойын-сауықты да қосыңыз: қысқы ормандағы серуен, аққала жасау, шанамен және шаңғымен сырғанау, үстел ойындары және т.б.




**Отырыс.** Желтоқсанның 31-нен қаңтардың 1-не қараған түні үйден тыс жерде атап өтуді ұйғарсаңыз да, мерекелік қалған аптада бәрібір де тамақ жеуіңізге тура келеді. Ал бұл уақытта, әдетте, үстелге ең қымбат және тәтті тағамдар қойылады. Сақтау мерзімі ұзақ тамақтарды алдын ала әзірлеуге қажетті болатындай мөлшерде сатып алыңыз. Сусындарға үнемдеңіз – шырындарды сатып алғанша үйде жемістен жасалынатын тәтті сусын дайындаңыз. Егер үйіңізге қонақ келетін болса, өздерімен бірге бірнеше салаттар мен тіскебасарлар әкелсін.

**От шашу.** От шашусыз жаңа жыл қалай болмақ? От шашуды сатып алуға базарларға барыңыз, достарыңыз бен көршілеріңізбен қосылып алыңыз. Көп көлемде сатып алып жатсаңыз жеңілдік сұраңыз.

**Ақшаңыз жетпейді ме?** Егер біз берген кеңестерге құлақ түрсеңіз де ақшаның жетпейтінін түсінсеңіз, онда кредит алуға болады. Бірақ бұл сұраққа есеппен қараңыз: әртүлі банктердің ұсыныстарын салыстырыңыз және ең қолайлысын таңдаңыз: мөлшерлемесі төмен, комиссиясы анық және сервисі қолайлы. Мысалы, Банк ВТБ (Қазақстан) қазір мөлшерлемесі небәрі 15%-ден басталатын (СЖТМ 16%) және жауапты қарыз алушыларға сыйақы сомасынан 9% мөлшерде кэшбек берілетін 5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға кредит ұсынады. Өтінішті банктің сайтында немесе ұялы телефоннан 5050 нөмірі бойынша қалдыруға болады.

# Мектептерді инновациялық қолдау қалай жүргізілуде?

Біздің өңірдің көптеген мектебі өзгерістер жылдамдығына сай өз тәжірибелерін қайта қарап, инновациялық жобаларды жүзеге асыруда. Осы бағытта білім беру ұйымдарына әдістемелік қолдау көрсету үшін облыстық білім басқармасы мен Педагогикалық шеберлік орталығының Қызылорда қаласындағы филиалы бірлесіп әзірлеген «Әдістемелік керуен» жобасы аясында ауқымды шаралар атқаруда.

Жоспарға сәйкес Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласының педагог қызметкерлері үшін 914 әдістемелік шара – семинарлар, шеберлік сыныптар, тренингтер, дөңгелек үстелдер мен тәжірибе алаңдары ұйымдастырылды. Шаралардың барлығында педагог қызметкерлердің кәсіби шеберліктері мен тәрбие саласындағы әлеуметтік жобалардың сапасын арттыру, жетекші мектептермен магниттік мектептер арасында өзара әріптестікті нығайту бағыттары бойынша әдістемелік жұмыстар жүргізілді. Мұғалімдердің сұранысына сәйкес жаңартылған өзгерістер енгізілген оқыту тәжірибесін жақсарту, оқу үдерістерінде белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, критериалды бағалау тапсырмаларын құрастыруға мән берілді. «Әдістемелік керуен» жобасы аясында жасақталған жұмысшы топтардың ішінде облыстың көшбасшы ұстаздары жұмыс жасады. Олардың қажырлы еңбегі мен тынымсыз ізденісі басқа мұғалімдердің кәсіби өсуіне ықпал етті, сонымен бірге жаңа бастамаларға ынталарын оятты. Бұл кәсіби қауымдастықтарда әріптестердің арасындағы сенімділік, жаңалыққа құштарлық, жауапкершілік құндылықтарымен үйлесімділікті көрсетеді.

Педагогикалық шеберлік орталығы сабақты зерттеу әдісін енгізу бойынша 200-ден астам мектеп тренерін әзірледі. Осы бағытта әдістемелік қолдау көрсету мақсатында бірқатар семинарлар мен форумдар өткізілді. Облыстың 130 зерттеуші педагогтарының басын қосқан Байқоңыр қаласындағы «Тәжірибедегі Lesson Study: Сабақты зерттеуден мектеп мәдениетіне» тақырыбындағы антиконференцияда мұғалімдердің бірлесіп жоспарлау, сабақты бақылау, талқылау дағдыларын дамытуға бағытталған инновациялық жұмыс түрлері көрсетіліп, өзара тәжірибе алмасты.

Педагогтарға әлі де болса қиындық тудыратын критериалды бағалау жүйесін енгізудің тиімді жолдарын қарастыру мақсатында Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген «Бағалау тапсырмаларын құрастыру және сараптау» бағдарламасы бойынша облыс көлемінде «Жазғы мектеп семинарлары» ұйымдастырылды. Облыс мектептерінен келген 763 пән мұғалімі 13 бағыт бойынша жүргізілген семинарға қатысып, сертификатталды.

**Ерболат ОСПАНОВ,**
**Педагогикалық шеберлік орталығының Қызылорда қаласындағы филиал тренері.**

# Бюджетке салықтың қате төленуі және оның салдары

Бюджетке төлемдерді төлеу барысында салық төлеушілер тарапынан төлем құжаттарының реквизиттерін толтыру кезінде қателіктерге жол берілуде. Мұндай кемшіліктер мемлекеттік кірістер органдарының атауын және БСН қате толтыру себебінен орын алады.

Осы жіберілген қателіктің нәтижесінде, салық төлеушімен бюджетке аударылған төлем сомасы өзінің арналған мақсатына жетпейді және төлемдерді бюджетке төлеудегі салықтық міндеттемелерді орындау мерзімінің бұзылуына әкеп соғады. Бұл ретте, тиісті бюджетке төлем аударылмай, салық міндеттемесінің орындалмауына байланысты түрлі мәселелердің туындауы мүмкін. Атап айтқанда:

- негізгі бересі сома төленгенімен, өсімақының есептелуі тоқталмайды;
- қарыз соманың қалыптасуына орай, банк ұйымдарының банкалық шот ашуға мүмкіндігі болмайды;
- банктік шот есептердің жабылады (тоқтата тұру) және шот есептен (зейнетақы) қарыз соманың есебінен ақша қаражаттары алынады;
- түрлі демалыс орындарына, шетелге шығуға кедергісін келтіреді және т.б.

Осы орайда, төлемдерді бюджетке аудару кезінде төлем құжаттарында міндетті түрде салық төлеушінің салықтық тіркеу орны бойынша мемлекеттік кірістер органдарының атауы мен БСН-і көрсетілуі қажет. Яғни, Қызылорда қаласына тіркелген салық төлеушілер тиісінше Қызылорда қаласын, ауданға тіркелген салық төлеуші тиісті ауданды таңдауы тиіс.

Ағымдағы жылдың 1 қарашасына осындай қателіктердің себебінен Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне қате аударылған 2260 салық төлеушінің 65114,5 мың теңгесі тиісті кірістер органдарына қайта есепке жатқызылды және қате/артық аударылған 36 жағдай бойынша 1827 350,8 мың теңге бюджеттен қайтару жасалды.

Бұл ретте, ескере кететін жайт, көптеген салық төлеушілер салықты төлеу барысында салықтардың қате аударылғанын білмей жатады. Себебі, тиісті кірістер органдарына есепке жатқызу шаралары олардың қатысуынсыз жүзеге асырылып, бет есептер ретке келтіріледі. Осыған байланысты салық төлеуші салық сомасын дұрыс аудардым деп ойлауы мүмкін және келесі салықты төлеу барысында, әрине, осы кемшіліктерге қайта жол беріледі.

Жоғарыдағы мәселелерді назарға жеткізе отырып, барлық салық төлеушілер тарапынан өздерінің бет есептері бойынша аударылған салық сомаларына түгендеу жүргізілуін және алдағы уақытта салықтарды аудару кезінде қателіктерге жол берілмеуін сұраймыз.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне (БСН 141140001775) салық түсімдерінің аударылмайтындығына ерекше назарларыңызды аударамыз.

**М.ЖАДЕНОВ,**
**Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің бас маманы.**

# Қызылорда облысы бойынша 2020 жылға арналған азаматтарға мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімі

| № | Адвокаттардың тегі, аты, әкесінің аты | Лицензия нөмірі мен берілген күні | Ұйымдастыру нысаны | Жұмыс орын |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Балкей Ботагөз Пернебайқызы | 17.03.1999 №0001512 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 2 | Абдуманов Алимжан Перналиевич | 01.08.2017 №17013702 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата көшесі, № 62а |
| 3 | Абдигаппаров Сакен Адилханович | 14.12.2017 №17021088 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 4 | Абшекенов Самат Абшекенович | 01.04.2003 №0004742 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 5 | Аимбетова Айымжан Малкайдаровна | 10.04.2009 №0003037 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 6 | Айдаров Рашид Маликович | 11.01.2011 №0004152 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 7 | Алдонгаров Бакитжан Садирович | 25.07.2007 №0001331 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 8 | Алпысбаева Роза Закировна | 15.06.2011 №0004470 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 9 | Алматов Болатбек Шыныбекович | 24.10.2019 №19021303 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 10 | Алиев Хакимжан Мұхаметжанұлы | 05.08.2015 №15014451 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 11 | Альжанов Асан Берикович | 08.08.2018 №18015289 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 12 | Ахметкалиев Серик Култанович | 28.12.2002 №0004498 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 13 | Ахметова Кульджахан Алиакимовна | 02.06.2018 №0004441 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 14 | Әуелбеков Данияр Бахытұлы | 25.06.2019 №19013577 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, № 1 |
| 15 | Балкеева Шолпан Пернебаевна | 04.10.2007 №0001435 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Кызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, №24 |
| 16 | Балым Жасұлан Маралұлы | 29.04.2019 №19009802 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Қазалы қаласы, Жанқожа батыр көшесі, №85 |
| 17 | Балымов Марал Медетович | 17.03.1999 №0001514 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Қазалы қаласы, Жанқожа батыр көшесі, №85 |
| 18 | Беденбаев Адилхан Адилхазиевич | 12.01.2018 №18000447 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 19 | Дарбаев Шынтемир Абдулович | 02.03.2018 №18004595 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 20 | Демжанов Серік Қасымханұлы | 22.07.2002 №0003944 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 21 | Джаппаркулов Даурен Нурланович | 15013380 17.07.2015 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 22 | Досымова Айгуль Жалгасовна | 14.12.2017 №17021092 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 23 | Ділімбетов Алашпай Ағыбайұлы | 28.06.1999 №0002567 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 24 | Елеуов Ануарбек Усайынович | 10.07.2014 №14009844 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Есетов көшесі, № 1/5 |
| 25 | Жакенов Ескендір Орынбасарұлы | 22.07.2003 №0004997 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Арал каласы, Есетов көшесі, № 1/5 |
| 26 | Жакупов Канат Мажитович | №16003952 29.02.2016 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, №24 |
| 27 | Жақыпов Мұхиядин Сқақұлы | 03.05.1999 №0000285 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Қазалы қаласы, Жанкожа батыр көшесі, №85 |
| 28 | Жамбулбаев Есимхан Көрпебайұлы | 28.06.2008 №0002057 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Королев көшесі, №19а |
| 29 | Жамалбеков Ерлан Раймбекович | №18020601 12.11.2018 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, № 24 |
| 30 | Жаппасбаева Калдыгул Жаппасбайқызы | 17.03.1999 №0001516 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Абай көшесі, 24 |
| 31 | Жортекеев Марат Абубекович | №19020581 10.10.2019 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Бегім ана көшесі, № 6 |
| 32 | Жубатов Серик Демеубаевич | 10.11.2014 №14016934 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 100 |
| 33 | Жұмабеков Хасен Мұратұлы | 15.05.2018 №18009646 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, З.Шүкіров көшесі, № 15 |
| 34 | Жусупов Канат Жанабатырович | 14.01.2013 №13000256 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Шиелі кенті, Рысқұлов көшесі, №10 |
| 35 | Жусупалиева Гульмира Шаймерденовна | №18007947 20.04.2018 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, № 1 |
| 36 | Зермұхамедов Әбдірахман Жағыпарұлы | 22.08.2019 №19017577 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Шиелі кенті, Рысқұлов көшесі, №10 |
| 37 | Ибрашев Мейрамхан Шамаувич | №17011827 29.06.2017 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 38 | Измаханов Руслан Жумажанович | 29.01.2019 №19001780 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Есетов көшесі, № 1/5 |
| 39 | Имангалиев Бижан Дауменович | 25.07.2012 №12007058 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 40 | Иманбаев Қайрат Мырзахметович | 05.06.2015 №15010606 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 41 | Имешева Зеріп Алуадиновна | 17.03.1999 №0001518 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 42 | Исаева Шырын Әлиқызы | 02.06.2007 №0001257 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 43 | Исакова Бахитнур Советовна | 17.03.1999 №0002536 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Королев көшесі, №19а |
| 44 | Искакова Асель Айбергеновна | №19008854 17.04.2019 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 45 | Калменов Даулет Табынбаевич | 29.04.2019 №19009814 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі, №38 |
| 46 | Канатбаев Темирхан Каржаубаевич | 23.03.2006 №0000588 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, №24 |
| 47 | Камбаров Бахыт Балтабаевич | 25.07.2007 №0001342 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 48 | Карбозов Бағым Карбозұлы | 05.03.2013 №13003255 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 49 | Карабаева Гулбану Биназаровна | 20.04.2018 №18007983 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Королев көшесі, №19а |
| 50 | Касымханов Алибек | 04.09.2004 №0005810 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы,Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Абай көшесі, 24 |
| 51 | Келімбетова Күлнар Сматуллақызы | 01.12.2008 №0002760 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 52 | Кенжебаев Бакытжан Жоламанович | 20.04.2013 №13005996 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 53 | Керуенова Айнур Сагаладиновна | №18000431 12.01.2018 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 54 | Киязова Фатима Камзаевна | 10.11.2006 №0000957 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 55 | Кожабергенова Збира Канибетовна | 01.09.2009 №0003289 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Королев көшесі, №19а |
| 56 | Койбагарова Гульнар Кенесовна | 12.10.2007 №0001471 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 57 | Косканова Нуржамал Абдамитовна | 17.03.1999 №0001521 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 58 | Куатов Калмырза Кистаувич | 17.03.1999 №0001520 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Королев көшесі, №19а |
| 59 | Кумекбаев Ондасын Есболович | 27.02.2015 №15004065 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 60 | Кулдасов Болысбек Сарманович | 15.06.1998 №0000088 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жанқожа батыр көшесі, №85 |
| 61 | Кузембаева Дана Адильбековна | 29.06.2007 №0001275 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 62 | Кузембаева Айшагуль Адилбековна | 17.03.1999 №0001525 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 63 | Қайназарова Гульханыс Акмашовна | 22.12.2015 №15022015 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 64 | Қабылбеков Қанат Ералиевич | 13.07.2015 №15013004 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 140/22 |
| 65 | Кадырбаева Гулайм Тоқтамұратқызы | 18.08.2003 №0005034 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Абай көшесі, 118/2 |
| 66 | Қожанов Ерлан Өмірбекұлы | 14.01.2019 №19000494 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 67 | Мадияров Мухаметқали Сейдахметұлы | 23.02.2007 №0001119 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Ілиясов көшесі, 2/17 |
| 68 | Мамутов Салимхан Кудайбергенович | №0004047 28.11.2010 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 69 | Миманова Гульнар Койшыбаевна | 12.09.2011 №11001849 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 70 | Муратбаев Газиз Актореевич | 07.04.2014 №14004663 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 71 | Мұхтарова Шахар Мұхтаровна | 17.03.1999 №0001527 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 72 | Мұхтар Ақмарал | 26.10.2017 №17018352 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 73 | Нагашибаев Ерлен Ибрагимович | 13.12.2006 №0001009 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Есетов көшесі, № 1/5 |
| 74 | Наркешбаев Шадияр Турсынальевич | 07.03.2008 №0001864 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 75 | Наурызбаев Рахат Байузакович | 28.12.2013 №13020491 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 11е/1а |
| 76 | Нурашев Жаксыгали Жаксылыкович | 20.08.2018 №18015978 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Сырдария м/а, №9/6 |
| 77 | Нурекеев Мадемхан Шайхыұлы | 08.04.2008 №0001912 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 78 | Омаров Оразбек Амангельдиевич | 29.05.2018 №18010733 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 79 | Орынбекова Бакытгуль Орынбековна | 20.04.2006 №0000629 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 80 | Палмаханова Акмарал Сахтапбергеновна | №0001564 07.11.2007 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 147а |
| 81 | Примжанова Нурила Габитовна | 18.11.2019 19022635 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 82 | Рахман Талап Карбозұлы | №16003418 22.02.2016 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Өсербаев көшесі, №15/1 |
| 83 | Рустемов Сабит Нематиллаевич | №16012487 05.08.2016 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, № 1 |
| 84 | Рыспаева Кулян Кунбергеновна | №16008340 23.05.2016 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 85 | Сабирова Шара Калибековна | 14.02.2002 №0003541 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 86 | Садықов Асылбек Исламұлы | 22.12.2015 № 15022027 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Сүлейменов көшесі, 58/2 |
| 87 | Саимбетов Абдигани Абжамиевич | 22.07.2003 №0005002 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 88 | Салиходжаев Болатбек Мұхамеджанұлы | 20.09.2007 №0001418 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 89 | Сарсенбаева Каракоз Аскановна | 29.01.2019 №19001776 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 90 | Серикбаев Мурат Койбагарович | 11.01.2016 №15022711 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, З.Шүкіров көшесі, № 15 |
| 91 | Серимбетов Ертуган Ерболатович | 21.05.2014 №14007158 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Қазалы қаласы, Жанқожа батыр көшесі, №85 |
| 92 | Сманова Гульнара Сабитовна | 21.11.2011 №11002943 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 93 | Смайлов Марат Сегизбаевич | №16015233 03.10.2016 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Бегім ана көшесі, №6 |
| 94 | Сүлейменов Байтақ | 27.04.2004 №0005536 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Есетов көшесі, № 1/5 |
| 95 | Сыздықова Жанна Балтабекқызы | 31.10.2008 №0002721 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 96 | Таубаев Ермек Амангельдиевич | 15.11.2017 №17019454 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 97 | Тәуекел Қайрат Оспанұлы | №15014517 05.08.2015 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 98 | Тулепбергенов Касымбек | 17.03.1999 №0001535 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылордаоблысы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, № 1 |
| 99 | Тургунбаев Алмат Калыбекович | 20.04.2018 №18007958 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 100 | Турабаев Даулетбек Калдарбекович | №19009842 29.04.2019 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, № 1 |
| 101 | Түменбай Жанар Өмірбайқызы | 26.04.2018 №18008488 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 102 | Тұрсанова Мырзакүл Маханбетқалиқызы | 17.03.1999 №0001507 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Шиелі кенті, Рысқұлов көшесі, №10 |
| 103 | Увайдаева Гульзира Турганбаевна | №19005591 05.03.2019 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, № 1 |
| 104 | Умаров Асан Ахметович | №16013615 29.08.2016 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Бегім ана көшесі, №6 |
| 105 | Умиржанов Тлектес Умиржанович | 16.07.2003 №0004970 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 106 | Усеинов Хасенхан Алеудинович | 01.08.2011 №0004554 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 107 | Утепов Жадигер Досмагамбетович | 08.04.2011 №0004321 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Қазалы кенті, Жанқожа батыр көшесі, №85 |
| 108 | Утеулиев Бауыржан Зулкарнаевич | 22.10.2019 №19021130 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда облысы, Қазалы кенті, Жанқожа батыр көшесі, №85 |
| 109 | Файзуллаев Сейдубаттал Нишанбекович | 23.05.2016 №16008338 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 110 | Шаймұханбетұлы Жақып | №16014697 22.09.2016 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 111 | Шакиманұлы Жеңісбек | 22.11.2002 №0004317 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 112 | Шакетов Ануар Абубакирович | 17.09.2018 №18017281 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 113 | Шарапова Лейла Шарапқызы | №0003374 03.11.2009 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 114 | Шаукебаев Бахытбек Жунусович | 16.05.2012 №12003439 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |
| 115 | Ширахманова Бисенкүл Тусуповна | 17.03.1999 №0001541 | Заң консультациясы | Қызылорда облыстық адвокаттар Алқасы, Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 10 |

# Хабарландыру

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ атынан «ҚазТрансГаз Аймақ» Қызылорда өндірістік филиалы, (120003 Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан, 1) сату бойынша ашық тендердің өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сатуға ұсынылған активтің тізімін (тауарлық материалдық құндылықтарды - ТМҚ) 8-777 717-77-57 телефонына немесе Тендерлік құжаттамалармен бірге shamshiyev_a@ktga.kz электрондық поштасына хабарласу арқылы ала алады.

Өткізу нысанымен танысу күні, уақыты және реттілігі: 2019 жылдың 18-23 желтоқсан күндері, сағат 14:00-17:00 аралығы.

Кепілдемелік жарнасыз.

Тендер арқылы сатылуға қойылған жылыту құралдарының құны, сатып алу-сату шартына қол қойғаннан кейін он банктік күн мерзімде 100% мөлшерінде төленеді.

Өткізу шарттары, техникалық ерекшеліктері және қойылатын басқа да талаптар тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Ашық тендерге қатысуға «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ активтерін сату Ережесінің 2.2.3-тармағында көрсетілген талаптарға сай келетін барлық қатысушылар жіберіледі.

Тендерлік құжаттама көшірмесінің топтамасын **2019 жылдың 25 желтоқсанды** коса алғанда мына мекен-жайда: Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан, 1 үй, (4-қабат) 417-кабинеттен, күнделікті **сағат 10:00-ден 17:00-ге** (түскі үзіліс 12:00-ден 13:30-ға дейін) дейін алуға болады, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.

Тендерге қатысушы ретінде тіркелуге төмендегі құжаттарды тапсыру қажет: Тендерге қатысуға бекітілген үлгідегі өтінім, паспорт немесе жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі, өкілдің уәкілеттілігін растайтын құжат және СТН көшірмесі;

Заңды тұлғалар жарғының нотариалды расталған көшірмелерін және заңды тұлғаның тіркелуі туралы куәлігін, қатысушының банктік реквизиттерін, ал акционерлік қоғамдар – акционерлер тізілімінен жазбасын қосымша тапсырады.

Тендерлік құжаттама қатысушыларға тегін беріледі.

Тендерлік өтінімдерді тапсырудың түпкілікті мерзімі – 2019 жылдың 25 желтоқсан күні, **сағат 17:00-ге** дейін.

Тендерлік тапсырыстар салынған **конверттер 2019 жылдың 31 желтоқсаны күні сағат 10:00-де** мына мекен-жайда ашылады: Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан, 1 үй, (4-қабат) 417-кабинет.

Қатысушылар, бұқаралық ақпарат құралдары және олардың өкілдері тендер өтінімдері салынған конверттердің ашылуына қатыса алады. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің тендер комиссиясының отырысына қатысуға арналған сенімхаттары болуы тиіс.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: (7242) 55-17-42, 55-17-44.

*(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)*

# 2020 жылдың I тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы төрағасы мен комиссия мүшелерінің жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

| р/с | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың аты-жөні, тегі | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы | Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кулумбетова Сауле Имбрагимовна | Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы | Сәрсенбі сағ. 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі № 136 «а» каб. | 60-54-66 |
| 2 | Сатлабаев Мирамбек Ахметович | Комиссия мүшесі | Дүйсенбі сағ. 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі № 136 «б» каб. | 60-54-62 |
| 3 | Ильясов Талгат Ибрагимович | Комиссия мүшесі | Сейсенбі сағ. 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі № 132 каб. | 60-54-64 |
| 4 | Садуакасова Айгуль Аманхановна | Комиссия мүшесі | Бейсенбі сағ. 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі № 134 каб. | 60-54-65 |
| 5 | Мусабеков Роман Темирбекович | Комиссия мүшесі | Жұма сағ. 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс № 1, Облыстық мекемелер үйі № 133 каб. | 60-54-63 |

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңнамаларының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексі талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 60-54-70 «Сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды.

## Хабарлама

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-12) «Ауыстыру: - 131, 329, 339, 4020 ұңғымаларынан шығу желілерін; -ТҚ-9-дан осьтік коллекторға ӨҚ-14-тен ТҚ-12 дейінгі дейін мұнай коллекторларын; - 327, 344, 1001, 1002, 2053, 3006, 3010 ұңғымаларына айдау желілерін; -Оңтүстік-Шығыс бөлік Құмкөл кенішіндегі СТБ-22-ден СТБ-4-ке дейін айдау коллекторын» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны (7242) 29-91-92.

## Хабарландыру

“Болашақ” университеті лифт қызметшісін жұмысқа қабылдайды.

**Хабарландыру бойынша келесі мекенжайдан анықтама алуға болады:** Қызылорда қаласы, Сол жағалау «Болашақ» университеті, тел./факс: 8(7242) 30-10-23, ұялы тел: **8 701 522 96 85.**

**Әкімшілік.**

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы және облыстық қоғамдық кеңес Ш.А.Баймановқа әкесі

**Асқар Баймановтың**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қазақстан Республикасы Қызыл Ай Қоғамы ҚБ Қызылорда облыстық филиалының ұжымы филиал директоры Байманов Абзал Нұрділдаұлына ағасы

**Байманов Асқар Нұрділдаұлының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**Жақында Қазалы қаласында Асан-Қазалы көтерілісінің құрбандарына арнап салынған ескерткіштің жаңартылуына байланысты «Жанқожа батыр» мешітінде ас беріліп, құран оқытылды. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген дәстүрлі қағиданы ұстаным еткен ел азаматтары іс-шараны жоғары дәрежеде өткізді. Аста сөз алған ел ағалары, ауданға белгілі азаматтар тәуелсіздік жолында құрбан болғандардың халық санасында мәңгілік қалатыны туралы тұшымды пікірлер айтты. Келесі жылы болатын Асан-Қазалы көтерілісінің 90 жылдығын атап өту жөнінде өз ойларымен бөлісті.**

# Рух биігі

Тәуелсіздік – қазақ халқының болмысында айрықша орын алатын ұғым. Осы жолда қиыншылықтарды бастан өткізген, найзаның ұшымен, білектің күшімен жерімізді қорғап қалған ата-бабаларымыздың рухы ешқашанда ұмытылмауы керек. «Жерім, елім» деп басын өлімге қиған ұлт-азаттық көтерілістерінің құрбандары мәңгілік есте қалуы керек деп ойлаймыз. Өткен ғасырдың 1920-1930 жылдары Кеңес Үкіметінің солақай саясатынан қазақ елінде ашаршылық болғаны белгілі. Күштеп жасалған колхоздастыру, асыра сілтеушілікке қарсы Қазақстанның көптеген аумақтарында көтерілістер болды.

Атап айтсақ, оңтүстік өңірде болған Созақ көтерілісі, батыс аймақты шарпыған Адайлар көтерілісі. Солардың бірі – Қазалы аумағында болған Асандар көтерілісі. Көтеріліске үш мыңға жақын адам қатысқан және ол аяусыз басып жаншылды. Қаншама азамат жапа шекті. Жер аударылды, жазаланды, атылды, түрмеге қамалды. Бұл табан астынан болған оқиға емес. Халықтың сол кездегі әкімшілік-әміршілдік жүйеге қарсылығы. Жастар санасына ата-баба қайсарлығы, рух биіктігі ұялауы қажет деп санаймыз. Сонда ғана ұрпақтар арасында диалектикалық байланыс орнайды. Рухы күшті халық қана алдына қойған мақсатты орындай алады, әлсіз халық қаңбақ шөп сияқты заманның ағымына төтеп бере алмауы мүмкін.

Біз тәуелсіздік үшін жан пида болған ата-бабаларымыздың ерлігін ұмытпауымыз керек. Тарих тағылымы уақыт пен кеңістік барысында замана шындығын дәлелдейді.

Өткенімізді еске алып, құрметтей отырып, оны қазіргі қазақ қоғамының рухани болмысымен байланыстырсақ, қоғамда даму болады. Рухани жаңғыру дегеніміз осы. Рухани жаңғырудың арқасында ел келешегі – жастардың бойында патриоттық сезім, отансүйгіштік рух қалыптасады. Осындай ауқымды істі қолға алып жатқан ел азаматтарына алғысымызды білдіреміз.

**Баймырза ҚОЖАМБЕРЛИЕВ,
профессор,
Қазалы ауданының
құрметті азаматы.**

**БІЛГЕНІМ – БІР ТОҒЫЗ...**

# Қарды көрген бір мұрат

## немесе қазақтың бір атауға қатысты бейнелі сөздері

**Міне, қараша да аяқталып, желтоқсан кірді. Біздің Сырда қарашада қар ұшқындап қана білінді, төгіп тастаған жоқ. Енді жауа бастайды.**

**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.**



Қар жауған сайын аспанға қарап қиялға берілемін. Осы қар қайдан түседі, қалай пайда болады? Ғылымға жүгін дейсіз ғой. Ғылымның айтқанына қанағаттана алмаймын. Ал, айтсын: «Қар – атмосферадан түсетін әртүрлі пішінді ұлпа мұз кристалдары түріндегі жауын-шашын. Су буының сублимациясы нәтижесінде өте шағын (0,1-0,2 мм) кристалдар үлкейіп қар жұлдызшаларына айналады».

Осы жауапқа ризасыз ба? Риза болсаңыз, не түсіндіңіз? Қардың жауын-шашын екенін біз де білеміз, әртүрлі пішінде түсетінін көріп жүрміз. Ғылым екен, қайдан пайда болатынын айтпай ма?

Жоқ, айта алмайды. Бұл – адамзат ғылымы әлі күнге аша алмаған әлем құпиясы. Дұрысырағы, Алланың кереметі.

Сіз қар түйіршіктерінің сан түрлі сурет екенін білесіз. Оны періштелер салады. Әлімсақта Адам ата жерге шығарылғанда шілтендер Аллаға арыз айтыпты деседі. «Уа, Раббым, біз сіздің нәбиіңіз, орынбасарыңыз, мәртебелі Адамның жүзін көріп үлгермедік». Сонда Алла былай бұйырыпты: «Сендер қияметке дейін жерге жауатын әрбір жаңбыр мен қар түйіршігін көктен төмен алып түсесіңдер. Сол кезде Адам ұрпақтарының жүзін көресіңдер».

Алланың бұйрығымен шілтендер жер жаралғалы бері жауған жаңбыр мен қардың әр түйірін жерге алып түсіп, мұнан соң өздері періштеге айналып, қайтадан көкке көтеріліп кетеді екен. Осылайша, бір рет жаңбырдың бір тамшысын не қардың бір түйірін жерге түсірген шілтеннің екінші мәрте кезегі қияметке дейін күтсе де келмейді дейді. Олардың сансыз көп екендігін осы мысалдан білуге болады. Міне, сол кезде қардың түйіршігін жерге алып келе жатып, шілтендер оған өрнек салады екен. Ғалымдар қар түйіршіктеріндегі өрнектердің бір-біріне ұқсамайтындығын көріп, қайран қалған. Бірақ, оның жауабын таба алмаған. Оның жауабын Құраннан жақсы хабары барлар ғана біледі. Ал, біздің ғылым діннен бөлек, сондықтан көп сұрақтың жауабын білмейтіні анық. Құранның мұндай қиссаларын ертегі санайтын оқымыстылар түбінде осы шындыққа амалсыз бас иеді.

Оның ақиқаты да әрине, Аллаға аян, біздің айтпағымыз қар жайында.

Қазақтың табиғи құбылыстардың ішінде жауған қарға байланысты айтқан бейнелі эпитеттері – нәзіктікті, мамықтықты, сүйкімділікті оған салыстыра сөйлеуі халқымыздың эстетикалық танымның жоғарылығын көрсетеді. Халық түсінігінде де қар жауса ауа тазарып, ауру-сырқау жойылып, жердің құнарлануына ықпал болатынын дәйектейтін деректер көп-ақ.

Сондықтан қар халық танымында тазалық, пәктік, нәзіктік нышаны ретінде бейнеленген. Қазақ аузында бір ғана осы қарға қатысты қаншама атаулар барын білесіз бе? Тізбелеп шығайық па, сөйтейік:

Ақ қар – жаңа жауған тап-таза қар.

Ақша қар – жаңа жауған ұлпа қар.

Алақанат қар – бір жерде бар, бір жерде жоқ, бір жерде жұқа, бір жерде қалың қар.

Жапалақ қар – түйіршіктері ірі-ірі қар.

Көбік қар – жаңа жауған құрғақ, үлпілдек жұмсақ қар.

Күпсек қар – қалың жауған ұлпа қар.

Үлпілдек қар – өте жұмсақ, үлбіреген жаңа жауған қар.

Күртік қар – нығыздалған, соқталанған қар немесе қар үйіндісі.

Омбы қар – белуарға дейін қалың түскен күртік қар.

Қасат қар – ұзақ жатқан, қатып қалған қалың қар.

Қиыршық қар – жентектелген түйіршік қар.

Қырбық қар – ұшқындап жауған, жұқа қар.

Сонар қар (қансонар) – алғаш жауған қар.

Ұлпа қар – жаңа жауған жұмсақ қар.

Үрме қар – жел үрлеп тығыздап тастаған қар.

Үлпек қар – жеңіл, ұлпа қар.

Кебіс басы қар – жұлықтан аса жауған, тобыққа таяу, кебіс батарлық қар қалыңдығын нақтылайтын халықтық өлшем.

Еспе қар – ақпа, сусымалы, бос, борпылдақ қар.

Сіреу қар – тізеден келер тұтас қар.

Мамық қар – жұмсақ, үлбіреген қар.

Мұздақ қар – үстін мұз торлаған, көкшіл түсті, беті жылтыр сырғанақ қар.

Сүрі қар – ерте түсіп ерімей, қыс бойы қалыңдаған, тозаң топырақ сіңіп беті күлгін тартқан нығыз қар.

Жылбысқа қар – ери жауған қар.

Қайран, қазекемнің осынша атауды қалай тауып қойғанының өзі бір тамаша. Бірақ, сол қар кеткенше, жер құрғап кепкенше, шуақты көктем жеткенше тағы да асығатынымыз бар. «Қара жерге қар жауар, қарды көрген бір мұрат, қара жерден қар кетер, жерді көрген бір мұрат» деген мақалымыз да бар. Сөйтіп, көктен көктем келгенше мойыншалғыға ғана емес, сағыныш сезіміне де оранып жүреміз.

Бірақ, қардың көңіл күйіңіз бен денсаулығыңызға қыруар пайдасы бар екенін де біле жүріңіз. Тіпті, күртік қарды «күрс-күрс» еткізіп басып бара жатқандағы аяқтан шыққан дыбыстың өзі жүйкеңізді жайландырып, қан айналысыңызды реттейтін емдік қасиетке ие. Мұны дәрігер ғалымдар айтып отыр.

# Үндеу

**Қызылорда облыстық «Азаматтық Альянс Қауымдастығы» осы жылдың 9-29 желтоқсан аралығында «Тәуелсіздік күні» және «Жаңа жыл» мерекелерінің қарсаңында «Мейірімділік шапағаты» қайырымдылық телемарафонына қатысуға шақырады.**

Телемарафонның мақсаты – жәрдемге мұқтаж жалғыз басты қарттарға, көпбалалы, асыраушысы жоқ, тұрмысы төмен отбасыларға, жетім балаларға, мүгедектерге іс жүзінде көмек көрсету үшін қаражаттар мен тұтыну тауарларын (сырт киім, аяқ киім және басқа) жинақтау.

Сонымен бірге, адамның жабырқау жүзін жылыту, шуағына бөлеу, мейірім-шапағатын төгіп, сөзбен де, іспен де қуаттау.

Қандай қиын уақыттарда да адамдар қайырымдылыққа қол ұшын беріп, көмек көрсетті. Халқымыздың, ежелден қалыптасқан адамгершілік пен ізгілікке толы дәстүрін бүгін де сақтап, ыстық ықыласқа зәру жандарға көмек беру жөніндегі біздің бастамамыз қызу қолдау табады деп сенеміз. Әрбір қызылордалықты, Сыр өңірінің әрбір азаматын қайырымдылық іске үлес қосып, «Мейірімділік шапағаты» телемарафонынан қалыс қалмауға шақырамыз.

Қайырымдылық қадамыңыз өзіңізге де, отбасыңызға да игілік ала келсін деген тілегімізді білдіреміз.

**Реквизиттері:**

«Сыр мейірімі» қоғамдық әлеуметтік қоры

Қызылорда қ, Бекзатхан Асқар к/сі №47, №402 бөлме

АҚ «Казпочта»

БИН 140 140 010 711

БИК KPSTKZKA

KZ22563 №350000077412

АО Банк Центр кредит

kz928560000006322737

# Сыйластық үлгісі

**Әулетке 2005 жылы келін болып түскеннен бастап мені өз қызындай көріп, жақын тартқан жаннан көз жазып қалу оңай емес. Анамыз Қалипа Нұртазаеваның адалдығы, тазалығы, отбасына деген махаббаты мейірімді жүзінен көрініп тұратын еді.**



Өмірін жұбайы мен ұлдарына арнап, олардың барлық жағдайын жасап отыратын. Айша анамыз (р.а) әйелдің мойнында кімнің ең көп ақысы бар екенін сұрағанда, Пайғамбарымыз (с.а.у.): «күйеуінің» деп жауап беріпті. Сонымен қатар Айша анамыздан (р.а) «Ал ер кісінің мойнына кімнің ақысы көбірек жүктелген?» – деп сұрағанда «анасының» деп жауап берген екен. Тағы бір хадисінде ата-ананы жаннаттың орта қақпасына теңеген, яғни, ата-анасының ризашылығын алған адамға жәннаттың орта қақпасы айқара ашылады. Ал күйеуінің жаннатқа кіруін қалаған әйел оның ата-ана ақысын өтеуіне көмектескені абзал. Күйеуі отбасының басшысы саналғандықтан әйелі оның әміріне құлақ асуы тиіс. Егер күйеуі әйеліне ата-анасына қарайласуды бұйырса, әйелі бұл тапсырманы орындау қажет.

Иә хадистің дәл осы жерінде айтылғандай енем он сегіз жыл бойы күйеуі қалада қызметте жүргенде өзі Жаңақорған ауданының Бөріойнақ қонысында ата-енесінің қолында мал бағысып, сауын сауып, кілем тоқып, үй шаруасының бәрін өзі атқарды. Атам демалыста барып отын-суын тасып беріп жүрген. Міне, осылай енем үлкендерге қалтқысыз еңбек ете жүріп өмірге 5 ұл әкелген. Әулеттің сыйлы келіні болып, барлығының көңілінен шыға білді. Қазіргі таңда ұлдарының бәрі бір-бір шаңырақтың иесі болып отыр.

Ол кісі қарашаңырақта ортаншы ұлы, яғни менің күйеуімнің қалғанын қалады. Мен келін болып түскеннен кейін қайын інім үйленетін болды. Дайындықпен жүргенімізде, «келген келін қолда отырамын десе де, біздің қолымызда сендер қаласыңдар» деп өз шешімін айтты. Содан кейін тоғыз жыл сол кісінің қолында отырып тәлім-тәрбиесін, батасын, алғысын алып өсіп-өндік.

Енем үй тірлігіне пысық еді. Ол кісінің пісірген барлық тағамы сондай дәмді болатын. Өзінің бар білгенін маған үйретуден жалықпады. «Ас – адамның арқауы, балам әрбір дайындаған асты шын көңілмен пісіру керек» деп айтатын.

Атам марқұм қатты сырқаттанып төсек тартып жатқанда, жанынан бір елі алыстамай, бар жағдайын жасап отыратын. Мен сол кезде ата-енем бір-бірін қатты сыйлайтынын көрдім. Араға екі жыл салып дәл сол атам қайтқан 18-ші қаңтар күні енем де қайтыс болды. Осы уақытқа дейін ол кісіні танитын адамдар еске алып отырады. Өз үлгісімен отбасындағы сыйластықты, түсіністікті көрсетіп кеткен анамыздың өнегесі ұмытылмайды.

**Айман ӨТЕГЕНОВА.**


# Хабарландырулар

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы "Бизнестің жол картасы – 2020" Мемлекеттік бағдарламасының "Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылай емес шаралары" төртінші бағыты бойынша қызмет көрсетуге Қазақстан Республикасы азаматтарынан іріктеуге өтініш қабылдау басталғанын хабарлайды.

**Өтініштер 2019 жылдың 17 желтоқсаны сағат 18.00-ге дейін қабылданады. Өтінішке қосымша:**

1) жеке куәлік көшірмесі;

2) жұмыс өтілін растайтын құжат көшірмесі;

3) сауалнама бойынша үміткер құжаттары, растайтын қосымша құжаттарымен бірге (диплом көшірмесі, аттестат, куәлік, қызмет көрсетілгендігі туралы акт және т.б.).

Іріктеуге қатысуға өтініш үлгісі мен шарттарын Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы кеңсесінен алуға болады: Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 12 немесе **gu.kurmantayeva@atameken.kz** электрондық поштасы арқылы алуға болады.

Байланысатын тұлға: Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының сарапшысы - Құрмантаева Гүлнұр Жаңабергенқызы. Байланыс тел.: 8/7242/400874.

**Сервистік қызмет көрсету бойынша:**

**1. Қызылорда қаласының** Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына бухгалтерлік және салықтық есептерді жүргізуге, сонымен қатар статистикалық есеп-қисапты құруға байланысты қызметтер бойынша менеджер-кеңесші – 1адам;

**2. Қызылорда қаласының** Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына маркетингтік сұрақтар бойынша менеджер-кеңесші – **1 адам;**

**3. Қызылорда қаласының** Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына заң сұрақтары бойынша менеджер-кеңесші – **1 адам;**

**4. Қызылорда қаласының** Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына мемлекеттік сатып алу сұрақтары бойынша менеджер-кеңесші – **1 адам.**

**Менеджер-консультанттарға жалпы қойылатын талаптар:**

1. жоғары білім;

2. мамандандырылған қызмет бойынша кеңес көрсетуден 1 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы немесе кәсіпкерлікті қолдау саласында 2 жылдан кем емес;

3. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі;

4. компьютерлік сауатының болуы.

**Кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын ақпараттандыру бойынша:**

**1. Қызылорда қаласының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына** Кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ететін менеджер-кеңесші – **2 адам;**

2. моноқалалар, кіші қалалар мен аудан орталықтарын **Арал ауданындағы Кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығына** Кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ететін менеджер-кеңесші – **2 адам;**

3. моноқалалар, кіші қалалар мен аудан орталықтарын **Қазалы ауданындағы Кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығына** Кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ететін менеджер-кеңесші – **3 адам;**

4. моноқалалар, кіші қалалар мен аудан орталықтарын **Қармақшы ауданындағы Кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығына** Кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ететін менеджер-кеңесші – **1 адам;**

5. моноқалалар, кіші қалалар мен аудан орталықтарын **Жалағаш ауданындағы Кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығына** Кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ететін менеджер-кеңесші – **1 адам;**

6. моноқалалар, кіші қалалар мен аудан орталықтарын **Сырдария ауданындағы Кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығына** Кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ететін менеджер-кеңесші – **1 адам;**

7. моноқалалар, кіші қалалар мен аудан орталықтарын **Шиелі ауданындағы Кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығына** Кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ететін менеджер-кеңесші – **2 адам;**

8. моноқалалар, кіші қалалар мен аудан орталықтарын **Жаңақорған ауданындағы Кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығына** Кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ететін менеджер-кеңесші – **2 адам;**

9. моноқалалар, кіші қалалар мен аудан орталықтарын **Байқоңыр қаласы Кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығына** Кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ететін менеджер-кеңесші – **1 адам.**

**Менеджер-консультанттарға жалпы қойылатын талаптар:**

1. жоғары білім;

2. мамандандырылған қызмет бойынша кеңес көрсетуден 1 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы немесе кәсіпкерлікті қолдау саласында 2 жылдан кем емес;

3. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі;

4. компьютерлік сауатының болуы.

**Ескерту: барлық менеджер-кеңесшілер шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған барлық мемлекеттік бағдарламалар ("Бизнестің жол картасы – 2020" Мемлекеттік бағдарламасы, Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы, Агробизнес – 2020, Өнімділік – 2020, Экспорт – 2020, Қарапайым заттар экономикасы) бойынша кеңес беруге білікті болуы тиіс.**

**Үміткерлердің кандидатурасы Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика Министрлігімен келісіледі.**

***

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы "Бизнестің жол картасы – 2020" Мемлекеттік бағдарламасының төртінші бағыты "Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылай емес шаралары" аясында "Бизнес-мектеп" компонентінің оқытушы жобаларын жүзеге асыру бойынша қызметтерді көрсету үшін **бизнес-тренерлерді іріктеуге байқау жариялайды.**

**Облыс деңгейіндегі тренерлерге қойылатын жалпы талаптар:**

1) жоғары білім;

2) Бизнес-тренерлерге арналған Мастер-класты тренинг-оқытуларды өткізуде тәжірибелік біліктілікпен бекітілген сертификатының болуы;

3) Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі;

4) компьютерлік сауатының болуы;

5) тренинг өткізуде біліктілігінің болуы;

6) кәсіпкерлік қызметті жүргізуде 1 жылдан кем емес тәжірибесінің болуы;

7) кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларын білу (оқытушылық тәжірибесінің болуы құпталады).

**Өтініштер 2019 жылдың 17 желтоқсан сағат 18.00-ге дейін қабылданады. Өтінішке қосымша тігіледі:**

1) жеке куәлік көшірмесі;

2) жұмыс өтілін растайтын құжат көшірмесі;

3) куәландыратын құжаттары қоса тігілген арнайы үлгідегі үміткер сауалнамасы (диплом, аттестат, куәлік, қызмет көрсетілгендігі турлы акт және т.б. көшірмелері).

Іріктеуге қатысуға өтініш үлгісі мен шарттарын Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы кеңсесінен алуға болады: Желтоқсан көшесі,12 немесе **gu.kurmantayeva@atameken.kz** электрондық поштасы арқылы алуға болады.

**Байланысатын тұлға: Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының сарапшысы – Құрмантаева Гүлнұр Жаңабергенқызы. Байланыс тел.: 8/7242/400874.**



**Меншік иесі**
СЫР МЕДИА
**жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".** **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** **Таралымы 29535** **Тапсырыс №1932**

Кезекші редактор **Айдана ЖҰМАДИНОВА.**